

Ұлттық әл-ауқат қорының және даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі шаралар шеңберінде құрылған ұлттық басқарушы холдингтің борыштық бағалы қағаздарын сатып алу арқылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен қаржыландыру ұсынылатын жалпы ел үшін маңызы бар жобаларға сараптама жүргізу, сондай-ақ осындай жобаларды қаржыландырудың балама көздерінің бар-жоғын қарау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 2 мамырдағы № 303 қаулысы.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.11.2025 № 974 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 59-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Ұлттық әл-ауқат қорының және даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі шаралар шеңберінде құрылған ұлттық басқарушы холдингтің борыштық бағалы қағаздарын сатып алу арқылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен қаржыландыру ұсынылатын жалпы ел үшін маңызы бар жобаларға сараптама жүргізу, сондай-ақ осындай жобаларды қаржыландырудың балама көздерінің бар-жоғын қарау қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.11.2025 № 974 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 2 мамырдағы
№ 303 қаулысымен
бекітілген

Ұлттық әл-ауқат қорының және даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі шаралар шеңберінде құрылған ұлттық басқарушы холдингтің борыштық бағалы қағаздарын сатып алу арқылы Қазақстан

Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен қаржыландыру ұсынылатын жалпы ел үшін маңызы бар жобаларға сараптама жүргізу, сондай-ақ осындай жобаларды қаржыландырудың балама көздерінің бар-жоғын қарау қағидалары

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.11.2025 № 974 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ұлттық әл-ауқат қорының және даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі шаралар шеңберінде құрылған ұлттық басқарушы холдингтің (бұдан әрі – холдинг) борыштық бағалы қағаздарын сатып алу арқылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен қаржыландыру ұсынылатын жалпы ел үшін маңызы бар жобаларға сараптама жүргізу, сондай-ақ осындай жобаларды қаржыландырудың балама көздерінің бар-жоғын қарау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 59-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және Ұлттық әл-ауқат қоры мен даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі шаралар шеңберінде құрылған ұлттық басқарушы холдингтің борыштық бағалы қағаздарын (бұдан әрі – борыштық бағалы қағаздар) сатып алу арқылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының (бұдан әрі – ҚРҰҚ) қаражаты есебінен қаржыландыру ұсынылатын жалпы ел үшін маңызы бар жобаларға сараптама жүргізу және осындай жобаларды қаржыландырудың балама көздерінің бар-жоғын қарау тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.11.2025 № 974 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Осы Қағидалардың мақсаты борыштық бағалы қағаздарды сатып алу арқылы ҚРҰҚ қаражаты есебінен қаржыландыруға ұсынылатын жобалардың ашық әрі жан-жақты сараптамасын қамтамасыз ету болып табылады.

Ашық әрі жан-жақты сараптама көрсетілген жобалардың жалпы ел үшін маңызы мен стратегиялық маңыздылығын, инвестициялық тиімділігі мен тартымдылығын сапалы бағалауға, ҚРҰҚ-дан қаржыландыру алатын ұйымдардың кредит қабілеттілігін бағалауға қол жеткізуге, қаржыландырудың балама көздерінің бар-жоғын қарауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 10 қыркүйектегі № 1005 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржысын басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасының (бұдан әрі – Тұжырымдама) 5-бөлімінің 5.3-тармағында көзделген қағидалар мен шарттарды ескере отырып, қаржыландырудың оңтайлы құрылымы мен шарттарын тұжырымдауға бағытталған.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жоба – борыштық бағалы қағаздарды сатып алу арқылы ҚРҰҚ қаражаты есебінен ішінара қаржыландыруға ұсынылатын және (немесе) ішінара қаржыландырылатын жалпы ел үшін маңызы бар инвестициялық жоба;

2) жобаның бақылау нүктелері – жобаның іске асырылуын бақылау пункттері, олар жобаны қаржыландыру кезеңдерінің арасында белгіленеді және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес (бұдан әрі – ҰҚБК) отырысының хаттамасымен бекітіледі, жобаны іске асыру бойынша қаржыландырудың игерілу барысын және жоспарлы көрсеткіштерге (сандық көрсеткіштерге) қол жеткізілуін қадағалауға мүмкіндік береді;

3) жобаның бақылау нүктелерін талдау – бөлінген қаржыландырудың игерілуін талдау, сондай-ақ жобаның бақылау нүктелерінде жобаны іске асыру бойынша жоспарлы және іс жүзіндегі (сандық) көрсеткіштерді салыстырып тексеру және талдау;

4) жобаның бастамашысы – борыштық бағалы қағаздарды сатып алу арқылы ҚРҰҚ қаражаты есебінен ішінара қаржыландыруға ұсынылатын немесе ішінара қаржыландырылатын жобаны іске асыруға жауапты заңды тұлға (Қазақстан Республикасының резиденті);

5) жобаны индикативтік бағалау – жобаны пысықтау және жобаны қаржыландырудың индикативтік шарттарын қалыптастыру бойынша ұсынымдар беру мақсатында жан-жақты талдау (кредиттік және инвестициялық талдауды қоса алғанда) негізінде жобаны кешенді бағалаудың басында жүргізілетін жобаны алдын ала бағалау;

6) жобаны кешенді бағалау – жобаны индикативтік және қорытынды бағалаудан тұратын жан-жақты бағалау, ол жобаны ҚРҰҚ-дан қаржыландырудың мүмкіндігі мен орындылығын айқындау, сондай-ақ жобаның анықталған тәуекелдерін ескере отырып, жобаны қаржыландырудың оңтайлы шарттарын айқындау мақсатында жүргізіледі;

7) жобаны қорытынды бағалау – пысықталғанынан кейін және жан-жақты талдау (кредиттік және инвестициялық талдауды қоса алғанда) негізінде қаржыландырудың балама көздерін қарау қорытындылары бойынша жобаны кешенді бағалаудың соңында жүргізілетін жобаны бағалау;

8) жобаны стратегиялық бағалау – елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін жобаның жалпы ел үшін маңызы мен стратегиялық маңыздылығын айқындау мақсатында жобаны бағалау және талдау;

9) қарыз алушы – жобаны іске асыру мақсатында ҚРҰҚ қаражатынан облигациялық қарыз алатын заңды тұлға (Қазақстан Республикасының резиденті);

10) сараптама тобы – мақсаттары, міндеттері, функциялары мен құрамы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес сараптама тобы туралы ережеде айқындалатын ұйымдар тобы;

11) сараптама тобына қатысушы – сараптама тобының құрамына кіретін ұйым;

12) сараптама тобын үйлестіруші орган – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚРҰБ);

13) тәуелсіз сараптама – тәуелсіз сарапшы жүргізетін жобаны бағалау және талдау;

14) тәуелсіз сарапшы – жобаға тәуелсіз сараптама жүргізу бойынша қызметтер көрсететін және белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін заңды тұлға;

15) теріс ақпарат – заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) жағдайларына қатыстылығы, терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жоятын қаруды тарату жағдайларына қатысының болуы, банкроттықты тану рәсімдерінің немесе сот оңалту рәсімдерінің басталғаны, тарату процесінің басталғаны, қарастырылып отырған күнге мемлекеттің уәкілетті органдарының пруденциалдық және өзге де нормативтерін орындамау, санкциялық тізімдерде болу фактілерін қамтитын ақпарат;

16) техникалық тапсырма – сараптама тобы дайындаған және тәуелсіз сарапшының талдау мен сараптама жүргізуіне арналған сұрақтар тізбесін қамтитын құжат;

17) уәкілетті орган – жобаны іске асыру жоспарланатын мемлекеттік басқару саласына (аясына) басшылықты жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

4. Жобалардың сараптамасы екі кезеңде жүргізіледі:

1-кезең "Жобаны стратегиялық бағалау";

2-кезең "Жобаны кешенді бағалау және қаржыландырудың балама көздерін қарау", оған мыналар кіреді:

"Жобаны индикативтік бағалау" міндетті кіші кезеңі;

"Тәуелсіз сараптамалардан өту" опциялық кіші кезеңі;

"Жобаны қаржыландырудың балама көздерін қарау және тарту" міндетті кіші кезеңі ;

"Жобаны қорытынды бағалау" міндетті кіші кезеңі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.11.2025 № 974 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-тарау. Жобаны стратегиялық бағалау

5. Жобаның бастамашысы осы Қағидаларға 2-қосымшадағы талаптарға сәйкес бизнес-жоспармен және жобаның қаржылық моделімен қоса уәкілетті органға қаржыландыру қажеттігі туралы сұраным жібереді.

6. Уәкілетті орган сұраным түскен күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаның стратегиялық негіздемесін (бұдан әрі – стратегиялық негіздеме) қалыптастырады және оны жобаның бастамашысы ұсынған құжаттармен қоса мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға жібереді. Стратегиялық негіздемеге уәкілетті органның басшысы қол қояды.

7. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган барлық құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде уәкілетті орган ұсынған стратегиялық негіздеме мен ұсынылған құжаттар негізінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаны стратегиялық бағалау қорытындысын (бұдан әрі – стратегиялық бағалау қорытындысы) дайындайды. Жобаны стратегиялық бағалау осы Қағидаларға 5-қосымшада келтірілген жобаны стратегиялық бағалау алгоритміне (бұдан әрі – стратегиялық бағалау алгоритмі) сәйкес жүргізіледі. Стратегиялық бағалау қорытындысына мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органның басшысы қол қояды.

8. Стратегиялық бағалау нәтижелері бойынша мынадай түрдегі қорытындылар шығарылады:

- 1) оң;
- 2) пысықтау қажеттігі туралы;
- 3) теріс.

9. Егер стратегиялық бағалау алгоритміне сәйкес жобаны стратегиялық бағалау 7 (жеті) балл немесе одан көп болса және жоба жалпы өлшемшарттардың әрқайсысына сәйкес келсе, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган 3 (үш) жұмыс күні ішінде оң қорытынды беріп, уәкілетті органды хабардар етеді және жоба келесі кезеңге жіберіледі.

10. Қажетті құжаттар ұсынылмаған және (немесе) белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін құжаттар ұсынылған және (немесе) стратегиялық негіздемеде толық әрі релевантты ақпарат болмаған кезде мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган пысықтау қажеттігі туралы қорытынды береді және жоба уәкілетті органға пысықтауға жіберіледі.

11. Пысықтау стратегиялық бағалау қорытындысындағы ескертулер мен түсіндірмелерге сәйкес белгіленген талаптарға сәйкес келетін қажетті құжаттарды ұсынуды және (немесе) стратегиялық негіздемені өзгертуді және толықтыруды қамтиды.

Пысықтауды 2 (екі) реттен артық жасауға жол берілмейді. Әрбір пысықтауды уәкілетті орган 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган 10 (он) жұмыс күні ішінде пысықталған жобаны қарап, жаңартылған стратегиялық бағалау қорытындысын дайындайды.

12. Осы Қағидалардың 9, 10 және 11-тармақтарында көрсетілген шарттарға сәйкес келмеген жағдайда мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган 3 (үш) жұмыс күні ішінде теріс қорытынды беріп, уәкілетті органды хабардар етеді және жоба келесі кезеңге жіберілмейді.

3-тарау. Жобаны кешенді бағалау және қаржыландырудың балама көздерін қарау

1-параграф. "Жобаны индикативтік бағалау" міндетті кіші кезеңі

13. Уәкілетті орган жоба бастамашысының осы кезеңге өткені туралы хабарламаны алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жоба бойынша құжаттар топтамасын сараптама тобына жібереді.

Құжаттар топтамасы мына құжаттарды қамтиды:

стратегиялық бағалау қорытындысы;

осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жоба бастамашысының сауалнамасы;

осы Қағидаларға 2-қосымшадағы талаптарға сәйкес жобаның бизнес-жоспары және қаржылық моделі;

осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қаржыландырудың балама көздерінің болмауы жөніндегі растайтын құжаттар (ұйымдардың ресми жауаптары немесе хаттары) қоса берілген ақпарат;

жобаны іске асырудың жоспар-графикі;

жобаны қаржыландырудың жоспар-графикі;

Pre-FEED және (немесе) FEED-құжаттама және (немесе) техникалық құжаттама бойынша жобаның ведомстводан тыс кешенді сараптамасының қорытындысы (бар болса);

міндетті түрде жобаның бастамашысы мен қарыз алушының соңғы 3 жылдағы қаржылық есептілігі (бар болса, аудиторлық есеппен бірге);

осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жоба бастамашысының кредиттік есепті беруге келісімі;

салық органынан салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу бойынша берешектің жоқ (бар) екендігі туралы анықтама;

жобаның тәуелсіз сараптамалары (бар болса);

жабдықтарды негізгі берушілердің және бас мердігермен (бар болса) қоса мердігерлердің ұсыныстары;

шикізатты және (немесе) көрсетілетін қызметтерді берушілермен және өнімдерді немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алушылармен шарттардың жобалары немесе шарттар (бар болса);

жоба бастамашысының және (немесе) қарыз алушының бос ақша легінің болжамы және жоба бастамашысының және (немесе) қарыз алушының ағымдағы, жоспарланатын қарыздары бойынша ковенанттарды сақтауының жобаға қарыз сұралатын мерзімнен кем болмайтын мерзімге арналған болжамы.

14. Сараптама тобы үйлестіруші орган құжаттардың толық топтамасын алған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес

нысан бойынша индикативтік бағалау қорытындысын (бұдан әрі – индикативтік бағалау қорытындысы) жасайды және ескертулер мен ұсыныстар алу үшін сараптама тобының басқа қатысушыларына жібереді.

15. Сараптама тобының қатысушылары 10 (он) жұмыс күні ішінде индикативтік бағалау қорытындысының жобасын қарайды және сараптама тобын үйлестіруші органға ескертулер мен ұсыныстарды жібереді.

16. Сараптама тобын үйлестіруші орган 10 (он) жұмыс күні ішінде сараптама тобына басқа қатысушылардан алынған ескертулер мен ұсыныстарды, сондай-ақ осы Қағидаларға 1-қосымшаның 7.1-тармағында көзделген ережелерді ескере отырып, индикативтік бағалау қорытындысына өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

Индикативтік бағалау қорытындысына сараптама тобына қатысушылар осы Қағидаларға 1-қосымшаның 7.1-тармағында көзделген ережелерді ескеріп қол қояды.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.11.2025 № 974 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17. Индикативтік бағалау нәтижелері бойынша мынадай түрдегі қорытындылар шығарылады:

- 1) оң;
- 2) пысықтау қажеттігі туралы;
- 3) теріс.

18. Сараптама тобы индикативтік бағалау қорытындысының мынадай: құжаттар топтамасының толықтығы туралы;

Тұжырымдаманың 5-бөлімінің 5.3-тармағында бекітілген қаржыландыру қағидалары мен шарттарына сәйкестігі туралы;

жобаның бастамашысына (оның ішінде оның жетекшісіне, қатысушыларына немесе акционерлеріне, бенефициарларына) және қарыз алушыға (оның ішінде оның басшысына, қатысушыларына немесе акционерлеріне, бенефициарларына) қатысты анықталған теріс ақпараттың болмауы туралы;

жобаның бастамашысы мен қарыз алушының кредит қабілеттілігі туралы;

жобаны ҚРҰҚ қаражаты есебінен қаржыландырудың мүмкіндігі туралы;

жобаның осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес жеткілікті пысықталғаны (бұдан әрі – жобаның пысықталуын бағалау алгоритмі) туралы;

индикативтік бағалау қорытындысында көрсетілген жобаның инвестициялық тиімділігі мен тартымдылығының шекті мәндеріне сәйкестігі туралы тармақтарын тексеру мен бағалау нәтижесі оң болған кезде оң қорытынды береді және жоба "Жобаны қаржыландырудың балама көздерін қарау және тарту" кіші кезеңіне жіберіледі

19. Егер индикативтік бағалау қорытындысында тәуелсіз сараптамаларды сұрату қажеттігі көрсетілген жағдайда "Жобаны қаржыландырудың балама көздерін қарау

және тарту" кіші кезеңіне өткенге дейін сараптама тобы жобаны осы Қағидалардың 3-тарауының 3-тармағына сәйкес "Тәуелсіз сараптамалардан өту" опциялық кіші кезеңіне жібере алады.

20. Индикативтік бағалау қорытындысына тәуелсіз сараптамаларды сұрату қажеттігі туралы пікірді қосу үшін сараптама тобына қатысушылардың бірінің тиісті пікірінің болуы жеткілікті.

21. Сараптама тобы мынадай:

толық емес және (немесе) талаптарға сәйкес келмейтін құжаттар топтамасы ұсынылған;

жоба Тұжырымдаманың 5-бөлімінің 5.3-тармағында бекітілген қаржыландыру қағидалары мен шарттарына сәйкес келмеген;

жобаның пысықталуын бағалау алгоритміне сәйкес жоба жеткілікті пысықталмаған;

индикативтік бағалау қорытындысында көрсетілген жобаның инвестициялық тиімділігі мен тартымдылығының шекті мәндеріне сәйкес келмеген жағдайларда пысықтау қажеттігі туралы қорытынды береді және жоба жобаның бастамашысына пысықтауға жіберіледі.

22. Пысықтау толық әрі белгіленген талаптарға сәйкес келетін құжаттар топтамасын ұсынуды және (немесе) индикативтік бағалау қорытындысындағы ескертулер мен түсіндірмелерге сәйкес жобаны пысықтауды қамтиды.

Пысықтауды 2 (екі) реттен артық жасауға жол берілмейді. Әрбір пысықтауды жобаның бастамашысы 30 (отыз) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Сараптама тобы пысықталған жобаны қарайды және осы Қағидалардың 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23 және 24-тармақтарында көзделген тәртіппен және мерзімдерде жаңартылған индикативтік бағалау қорытындысын дайындайды.

23. Сараптама тобы осы Қағидалардың 18, 19, 20, 21 және 22-тармақтарында көрсетілген шарттарға сәйкес келмеген жағдайда теріс қорытынды береді және жоба келесі кіші кезеңге жіберілмейді.

24. Индикативтік бағалау қорытындысын дайындау кезінде сараптама тобы қатысушылардың позицияларында қайшылықтар немесе өзге де даулы мәселелер туындаған жағдайда бұл мәселелерді сараптама тобына қатысушылар 3-тараудың 1-параграфында көзделген индикативтік бағалау қорытындысын дайындаудың жалпы мерзімі шеңберінде реттеуге тиіс.

Оң қорытынды беру бойынша келісілген позицияға қол жеткізілмесе, сараптама тобы теріс қорытынды беру туралы шешім қабылдайды, бұл жобаны одан әрі қараудан және оны келесі кезеңдерге өткізуден бас тартуға әкеп соғады.

2-параграф. "Тәуелсіз сараптамалардан өту" опциялық кіші кезеңі

25. Жобаның ерекшеліктеріне және тәуелсіз сараптамаға жататын мәселелерге байланысты тәуелсіз сараптаманың мынадай:

- 1) коммерциялық (маркетингтік) мәселелер;
- 2) құқықтық мәселелер;
- 3) техникалық мәселелер бойынша түрлері ажыратылады.

26. Егер индикативті бағалау қорытындысында тәуелсіз сараптама қажет деп көрсетілген болса, сараптама тобын үйлестіруші орган 10 (он) жұмыс күні ішінде техникалық тапсырманың жобасын әзірлеп, оны ескертулер мен ұсыныстар алу үшін сараптама тобына басқа қатысушыларға жібереді.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.11.2025 № 974 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

27. Сараптама тобына қатысушылар 7 (жеті) жұмыс күні ішінде сараптама тобын үйлестіруші органға техникалық тапсырманың жобасына ескертулер мен ұсыныстар береді.

Сараптама тобын үйлестіруші орган 5 (бес) жұмыс күні ішінде сараптама тобына басқа қатысушылардан алынған ескертулер мен ұсыныстарды, сондай-ақ осы Қағидаларға 1-қосымшаның 7.1-тармағында көзделген ережелерді ескеріп, техникалық тапсырма жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

Тәуелсіз сараптаманың техникалық тапсырмасына сараптама тобына қатысушылар осы Қағидаларға 1-қосымшаның 7.1-тармағында көзделген ережелерді ескеріп қол қояды және ол жобаның бастамашысына және (немесе) уәкілетті органға ұсынылады.

Техникалық тапсырма әрбір жоба үшін жеке-жеке жасалады.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.11.2025 № 974 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

28. Тәуелсіз сараптамаларды сұратуға мынадай мән-жайлар негіз болып табылады:

1) коммерциялық (маркетингтік) мәселелер бойынша тәуелсіз сараптаманы сұрату үшін – сараптама тобы анықтаған айтарлықтай коммерциялық тәуекелдердің болуы және (немесе) экономикалық және коммерциялық сипаттағы жоба саласында арнайы білім мен құзыреттің қажет болуы;

2) құқықтық мәселелер бойынша тәуелсіз сараптаманы сұрату үшін – сараптама тобы анықтаған айтарлықтай институционалдық, құқықтық тәуекелдердің болуы және (немесе) құқықтық сипаттағы жоба саласында арнайы білім мен құзыреттің қажет болуы ;

3) техникалық мәселелер бойынша тәуелсіз сараптаманы сұрату үшін – сараптама тобы анықтаған айтарлықтай техникалық тәуекелдердің болуы және (немесе) техникалық сипаттағы жоба саласында арнайы білім мен құзыреттің қажет болуы.

29. Жобаның бастамашысы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі басқармасының шешімімен бекітілген біліктілік талаптарын (бұдан әрі – біліктілік талаптары) ескере отырып, тәуелсіз сарапшыны іздеуді және тартуды өз бетінше және

өз қаражаты есебінен жүзеге асырады. Бұл ретте іздеу 30 (отыз) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

30. Тәуелсіз сарапшыны сұратылған тәуелсіз сараптама бойынша қызметтер көрсетуге жіберуді сараптама тобын үйлестіруші орган әлеуетті тәуелсіз сарапшының біліктілік талаптарға толық сәйкестігі негізінде жүзеге асырады.

31. Жобаның бастамашысы сараптама тобын үйлестіруші органға біліктілік талаптарына сәйкес қажетті құжаттармен қоса әлеуетті тәуелсіз сарапшыны тексеру қажеттігі туралы сұраным жібереді.

32. Ұсынылған құжаттар негізінде сараптама тобын үйлестіруші орган барлық құжаттарды алған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуетті тәуелсіз сарапшы біліктілік талаптарға сәйкестігі тұрғысынан тексерілгені туралы қорытынды (бұдан әрі – әлеуетті тәуелсіз сарапшыны тексеру туралы қорытынды) дайындайды және оны жобаның бастамашысына және (немесе) уәкілетті органға жібереді.

Әлеуетті тәуелсіз сарапшыны біліктілік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан тексеру барысында қажет болса, сараптама тобын үйлестіруші орган сараптама тобына басқа қатысушылардан пікір, ақпарат және тұжырымдар сұратады.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.11.2025 № 974 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

33. Әлеуетті тәуелсіз сарапшының ұсынылған құжаттары бойынша анықталған сәйкессіздіктер мен ескертулерді белгілеген мерзімдерде жою мақсатында оларды сараптама тобын үйлестіруші орган жоба бастамашысының назарына жеткізеді.

34. Әлеуетті тәуелсіз сарапшы біліктілік талаптарына сәйкес келмеген жағдайда жобаның бастамашысы біліктілік талаптарын ескере отырып, 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде жаңа әлеуетті тәуелсіз сарапшыны іздеуді жүзеге асырады.

35. Тәуелсіз сараптама нәтижелерін жобаның бастамашысы сараптама тобына есеп түрінде жібереді және сараптама тобы оны "Жобаны қорытынды бағалау" кіші кезеңінде қарайды.

Тәуелсіз сарапшының есебі техникалық тапсырмаға сәйкес жасалуға тиіс. Тәуелсіз сарапшының есебі бойынша сараптама тобы анықтаған ескертулерді сараптама тобының белгілеген мерзімдерде жоюы мақсатында жаңартылған немесе қосымша есепті дайындауды қоса алғанда, сараптама тобын үйлестіруші орган оларды жоба бастамашысының назарына жеткізеді.

3-параграф. "Жобаны қаржыландырудың балама көздерін қарау және тарту" міндетті кіші кезеңі

36. Жобаның бастамашысы сараптама тобымен бірлесіп индикативтік бағалау қорытындысында көрсетілген ұсынымдарды ескере отырып, жобаны

қаржыландырудың балама көздерін қарауды 45 (қырық бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

37. Қаржыландырудың балама көздері жоба бастамашысының меншікті қаражатын, жобаның бастамашысы қатысушыларының немесе акционерлерінің, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің, шетелдік коммерциялық банктердің, халықаралық қаржы ұйымдарының, экспорттық-кредиттік агенттіктердің, квазимемлекеттік ұйымдардың, мемлекеттік немесе бюджеттік көздердің меншікті қаражатын қамтуы мүмкін (бірақ олармен шектелмейді).

38. Қаржыландыру көздерін қарау сұраным (өтінім) жіберуді, инвесторлармен және кредиторлармен талқылауды, жауаптарды жинау мен өңдеуді білдіреді.

39. Сараптама тобының қаржыландыру көздерін қарауға қатысуы әлеуетті инвесторлар мен кредиторларға сұраным (өтінім) жасау кезіндегі консультациялық көмекті, сұранымдарды (өтінімдерді) жіберуге қатысуды, инвесторлармен және кредиторлармен талқылауға қатысуды, сондай-ақ жауаптарды өңдеудегі консультациялық көмекті білдіреді.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.11.2025 № 974 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

40. Қаржыландыру көздерін қарау нәтижелерін сараптама тобы "Жобаны қорытынды бағалау" кіші кезеңінде ескереді.

4-параграф. "Жобаны қорытынды бағалау" міндетті кіші кезеңі

41. Сараптама тобын үйлестіруші орган осы Қағидалардың 2-тарауында және 3-тарауының 1, 2 және 3-параграфтарында көрсетілген кезеңдер мен кіші кезеңдер барысында алынған құжаттар топтамасы мен ақпараттың, сондай-ақ өз сұратуы бойынша өзге де құжаттардың негізінде оларды алған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қорытынды бағалау қорытындысын (бұдан әрі – қорытынды бағалау қорытындысы) жасайды және ескертулер мен ұсыныстар алу үшін сараптама тобына басқа қатысушыларға жібереді.

42. Сараптама тобына қатысушылар 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қорытынды бағалау қорытындысының жобасын қарайды және сараптама тобын үйлестіруші органға ескертулер мен ұсыныстар жібереді.

43. Сараптама тобын үйлестіруші орган 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сараптама тобына басқа қатысушылардан алынған ескертулер мен ұсыныстарды, сондай-ақ ескеріп, қорытынды бағалау қорытындысының жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

Қорытынды бағалау қорытындысына сараптама тобына қатысушылар осы Қағидаларға 1-қосымшаның 7.1-тармағында көзделген ережелерді ескеріп қол қояды.

Ескерту. 43-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.11.2025 № 974 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

44. Қорытынды бағалау қорытындысы оң немесе теріс болуы мүмкін.

45. Сараптама тобы мынадай шарттар сақталған жағдайда оң қорытынды береді және жоба ҰҚБК қарауына жіберіледі:

жобаның бастамашысы мен қарыз алушының кредит қабілеттілігін тексерудің оң нәтижесі;

жобаның пысықталуын бағалау алгоритміне сәйкес жобаның жеткілікті пысықталуы;

жобаның қорытынды бағалау қорытындысында көрсетілген инвестициялық тиімділік пен тартымдылықтың шекті мәндеріне сәйкестігі;

ҚРҰҚ-ны толық көлемде алмастыруға мүмкіндік беретін балама қаржыландыру көздерінің болмауы;

жобаның іске асырылуы мен өміршеңдігіне қауіп төндіретін құқықтық, институционалдық, ұйымдастырушылық, коммерциялық, техникалық, экологиялық және қаржылық тәуекелдер мен шектеулердің болмауы;

жобаны қаржыландырудың құрылымы мен шарттарының айқындалуы.

46. Жобаны қаржыландыру шарттарын айқындау кезінде сараптама тобы Тұжырымдаманың 5-бөлімінің 5.3-тармағында белгіленген қаржыландыру қағидалары мен шарттарын басшылыққа алуға міндетті.

47. Сараптама тобы осы Қағидалардың 45-тармағында көрсетілген шарттарға сәйкес келмеген жағдайларда теріс қорытынды береді және жоба ҰҚБК қарауына жіберілмейді.

48. Қорытынды бағалау қорытындысын дайындаған кезде сараптама тобына қатысушылардың позицияларында қайшылықтар немесе өзге де даулы мәселелер туындаған жағдайда бұл мәселелерді сараптама тобына қатысушылар осы Қағидалардың 41, 42 және 43-тармақтарында көзделген қорытынды бағалау қорытындысын дайындаудың жалпы мерзімі шеңберінде реттеуге тиіс.

Оң қорытынды беру бойынша келісілген позицияға қол жеткізілмесе, сараптама тобы теріс қорытынды беру туралы шешім қабылдайды, бұл жобаны одан әрі қараудан бас тартуға әкеп соғады.

4-тарау. Сараптама нәтижелерін қарау және жобаны қаржыландыру

49. Қорытынды бағалау қорытындысы оң болған жағдайда уәкілетті орган жобаны қаржыландыру жөніндегі мәселені ҰҚБК қарауына шығару үшін қажетті рәсімдерді жүзеге асырады.

50. ҰҚБК қорытынды бағалау қорытындысында көрсетілген қаржыландыру шарттарын бекіту туралы ұсыным берген жағдайда уәкілетті орган қажет болған кезде

Қазақстан Республикасы Президентінің келісімін алу үшін қажетті рәсімдерді жүзеге асырады.

51. ҰҚБК жобаны қаржыландырудан бас тарту туралы ұсыным берген жағдайда уәкілетті орган бұл туралы жобаның бастамашысын және (немесе) сараптама тобын 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

52. Борыштық бағалы қағаздарды сатып алу арқылы жобаны ҚРҰБ-дан қаржыландыру осы Қағидалардың 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60 және 61-тармақтарына сәйкес кезең-кезеңімен жүзеге асырылады, бұл ретте жобаны қаржыландырудың екінші және кейінгі кезеңдерін қаржыландыру осы Қағидалардың 5-тарауына сәйкес жобаның бақылау нүктелерін талдау нәтижелері негізінде жүзеге асырылады.

53. Бақылау нүктесі мен қаржыландырудың келесі кезеңі арасындағы мерзім талдау жүргізу мақсатында кемінде 25 (жиырма бес) жұмыс күнін құрайды.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.11.2025 № 974 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

54. Жобаның бақылау нүктелерін талдау нәтижесі оң болған жағдайда жобаны қаржыландыру жалғасады. Оң нәтиже деп мына екі шарттың сақталуы түсініледі:

1) қаржыландырудың алдыңғы кезеңінде бөлінген соманың кемінде 70 % мөлшерінде игерілуі;

2) жобаның бақылау нүктесінде жобаны іске асыру бойынша іс жүзіндегі көрсеткіштер мәнінің жоспарлы көрсеткіштерден 70 %-дан кем болмауы.

55. Жобаның бақылау нүктелерін талдау нәтижесі теріс болған жағдайда сараптама тобы осы Қағидалардың 56-тармағында белгіленген тәртіппен:

жобаны қаржыландыруды жалғастыру туралы;

анықталған проблемалар және (немесе) ескертулер жойылғанға дейін жобаны қаржыландыруды тоқтата тұру туралы;

жобаны қаржыландыруды тоқтату туралы ұсыным жасайды.

56. Сараптама тобын үйлестіруші орган 15 (он бес) жұмыс күні ішінде ұсынымның жобасын әзірлейді және ескертулер мен ұсыныстар беру үшін сараптама тобына басқа қатысушыларға жібереді.

Сараптама тобына қатысушылар сараптама тобын үйлестіруші органға өз ескертулері мен ұсыныстарын 10 (он) жұмыс күні ішінде береді.

Сараптама тобын үйлестіруші орган осы Қағидаларға 1-қосымшаның 7.1-тармағында көзделген ережелерді ескеріп, ескертулер мен ұсыныстарды алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде ұсынымның жобасына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізеді, сараптама тобына қатысушылардың барлық қолтаңбаларын жинауды ұйымдастырады және уәкілетті органға және (немесе) жобаның бастамашысына жібереді.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.11.2025 № 974 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

57. Жоба бастамашысының анықталған проблемаларды және (немесе) ескертулерді жойғаны туралы ақпарат түскен жағдайда сараптама тобы осы Қағидалардың 56-тармағында белгіленген тәртіппен:

қаржыландырудың бұрынғы шарттарын сақтай отырып немесе жаңаларың белгілей отырып, жобаны қаржыландыруды жалғастыру немесе қайта бастау туралы;
жобаны қаржыландыруды тоқтату туралы ұсыным жасайды.

58. Сараптама тобы жобаны жаңа шарттармен қаржыландыруды қайта бастауға не қаржыландыруды тоқтатуға ұсыным берген жағдайда уәкілетті орган тиісті мәселелерді ҰҚБК-ның және Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына шығару үшін қажетті рәсімдерді жүргізеді.

59. Қарыз алушы қаржыландырудың белгіленген шарттарын сақтамаған жағдайда шешімдерді сараптама тобы қабылдайды.

5-тарау. Жобаның бақылау нүктелерін талдау, сондай-ақ жобаның стратегиялық мақсаттары мен әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне қол жеткізілуін талдау

60. Уәкілетті орган жобаның әрбір бақылау нүктесінен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 13-қосымшадағы тиісті жолдарды толтырып, бөлінген қаржыландырудың игерілуі және жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізу жөніндегі ақпаратты сараптама тобына ұсынады.

61. Сараптама тобын үйлестіруші орган бөлінген қаржыландырудың игерілуі және жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізу жөніндегі ақпаратты алғаннан кейін 15 (он бес) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 13-қосымшадағы қажетті жолдарды толтырады және сараптама тобына барлық қатысушылардың қолтаңбаларын жинауды ұйымдастырады.

62. Уәкілетті орган жоба іске асырылғаннан кейін 1 (бір) тоқсан ішінде және жобаны пайдалану мерзімі аяқталғанға дейін әрбір келесі жылдың 1 маусымына дейін осы Қағидаларға 14-қосымшаны толтырып, жобаның жоспарлы стратегиялық мақсаттары мен әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне қол жеткізу жөніндегі ақпаратты сараптама тобына ұсынады.

63. Жобаның бақылау нүктелерін талдау, сондай-ақ жобаның стратегиялық мақсаттары мен әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне қол жеткізу нәтижелері ҚРҰБ-дан бөлінген қаражаттың жұмсалуды мониторингтеу жөніндегі комиссияға жіберіледі.

Ұлттық әл-ауқат қорының және
даму институттарын, қаржы
ұйымдарын басқару жүйесін
оңтайландыру және ұлттық

экономиканы дамыту жөніндегі
шаралар шеңберінде құрылған
ұлттық басқарушы холдингінің
борыштық бағалы қағаздарын
сатып алу арқылы Қазақстан
Республикасы Ұлттық қорының
қаражаты есебінен
қаржыландыру ұсынылатын
жалпы ел үшін маңызы бар
жобаларға сараптама жүргізу,
сондай-ақ осындай жобаларды
қаржыландырудың балама
көздерінің бар-жоғын қарау
қағидаларына 1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшада жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.11.2025 № 974 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Сараптама тобы туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Сараптама тобы туралы ереже сараптама тобының мақсаттарын, міндеттерін, функцияларын, сондай-ақ құрамын айқындайды.

2. Сараптама тобы өз қызметін Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, сондай-ақ осы Қағидалар мен Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

2-тарау. Сараптама тобының міндеттері мен функциялары

3. Сараптама тобының негізгі міндеттері жобаны қаржыландырудың оңтайлы шарттарын қарау, кешенді бағалау және айқындау болып табылады.

4. Сараптама тобының функциялары:

- 1) индикативтік бағалау қорытындысын дайындау;
- 2) жобаның бастамашысымен бірге жобаны қаржыландырудың балама көздерін қарау;
- 3) жобаға тәуелсіз сараптама жасау қажеттігін айқындау, техникалық тапсырманы жасау және сұратылған тәуелсіз сараптама бойынша тәуелсіз сарапшының қызметтер көрсетуіне рұқсат ету;
- 4) қорытынды бағалау қорытындысын дайындау;
- 5) жобаның бақылау нүктелерін талдау;
- 6) жобаның бақылау нүктелерін талдау қорытындылары бойынша жобаны қаржыландыруды жалғастыру, тоқтата тұру, қайта бастау және тоқтату туралы ұсынымдарды қалыптастыру;

7) қарыз алушы жобаны қаржыландырудың белгіленген шарттарын сақтамаған жағдайда шешімдер қабылдау болып табылады.

5. Сараптама тобы өз құзыреті шегінде қаралатын мәселелер бойынша шешімдер қабылдап, ұсынымдар дайындайды.

6. Сараптама тобы тұжырымдайтын құжаттарға сараптама тобының құрамындағы өкілдер қол қояды.

6. Сараптама тобы әзірлейтін құжаттарға осы Қағидаларға 1-қосымшаның 7.1-тармағында көзделген ережелерді ескеріп сараптама тобына кіретін өкілдер қол қояды.

Ескерту. 2-тарау 6-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 14.11.2025 № 974 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3-тарау. Сараптама тобының құрамы

7. Сараптама тобы:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің;

2) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің;

3) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің;

4) "Бәйтерек" ұлттық басқарушы холдингі" акционерлік қоғамының өкілдерінен тұрады.

7.1 Холдингтің борыштық бағалы қағаздарын сатып алу жолымен ҚРҰҚ қаражаты есебінен қаржыландыру ұсынылатын жоба қаралған жағдайда холдинг индикативтік бағалау қорытындысының, техникалық тапсырманың, қорытынды бағалау қорытындысының жобаларына ескертулер мен ұсыныстар және қаржыландыру мәселелеріне байланысты ұсынымдар береді, олар ұсынымдық сипатта болады және көрсетілген құжаттарға енгізілмейді.

Холдинг көрсетілген құжаттарға қол қоюға, сондай-ақ осы Қағидалардың 59-тармағында көзделген жағдайларда шешімдер қабылдауға қатыспайды.

Ескерту. 3-тарау 7-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 14.11.2025 № 974 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сараптама тобын үйлестіруші орган болып табылады.

Ұлттық әл-ауқат қорының және
даму институттарын, қаржы
ұйымдарын басқару жүйесін
оңтайландыру және ұлттық
экономиканы дамыту жөніндегі
шаралар шеңберінде құрылған
ұлттық басқарушы холдингтің
борыштық бағалы қағаздарын
сатып алу арқылы Қазақстан

Республикасы Ұлттық қорының
қаражаты есебінен
қаржыландыру ұсынылатын
жалпы ел үшін маңызы бар
жобаларға сараптама жүргізу,
сондай-ақ осындай жобаларды
қаржыландырудың балама
көздерінің бар-жоғын қарау
қағидаларына 2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшада жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.11.2025 № 974 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Нысан

Жобаның бизнес-жоспары мен қаржылық моделіне қойылатын талаптар

Ескерту. Тақырыпша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.11.2025 № 974 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 14.11.2025 № 974 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Бизнес-жоспарға қойылатын талаптар:

бизнес-жоспар Microsoft Word форматында және уәкілетті тұлға қол қойған скан-нұсқа түрінде жіберіледі;

бизнес-жоспарда мынадай ақпарат қамтылады (көрсетілген тәртіппен; егер қандай да бір тармақтар жобаға қолданылмайтын болса, "қолданылмайды" деп көрсетіп, себебін негіздеу қажет):

1. Терминдер мен анықтамалар, бизнес-жоспарды дайындауда пайдаланылған бастапқы құжаттар мен ақпарат көздерінің тізімі.

2. Жоба бойынша негізгі ақпарат:

2.1 жоба бастамашысының атауы;

2.2 жобаның атауы;

2.3 жобаның қысқаша сипаты және стратегиялық мақсаттары;

2.4 жобаның саласы, жобаның 5 таңбалы ЭҚЖЖ;

2.5 жобаның құны және жоба бойынша шығыстар сметасы (ҚРҰҚ-дан қандай шығыстарды қаржыландыру жоспарланғанын көрсете отырып);

2.6 жобаны іске асыру мерзімдері (инвестициялық және пайдалану кезеңдеріне бөле отырып);

2.7 әрбір қаржыландыру көзі бойынша қаржыландыру құрылымы мен шарттары (қаржыландыру түрі (нысаны), сомасы мен валютасы, мерзімі, сыйақы мөлшерлемесі,

негізгі борышты өтеу және сыйақы төлеу шарттары, жеңілдікті кезеңдер, ковенанттар бойынша ақпаратты қамтиды);

2.8 жобаның нәтижелері.

3. Институционалдық, құқықтық, ұйымдастырушылық бөлім:

3.1 жоба бастамашысының заңды атауы, БСН, ЭҚЖЖ;

3.2 жоба бастамашысының акционерлері және (немесе) қатысушылары және олардың иелік ету үлестері, бенефициарлар, делдал және еншілес ұйымдар және оларға иелік ету үлестері;

3.3 жоба бастамашысының негізгі менеджменті (лауазымы, білімі, жұмыс тәжірибесі);

3.4 жоба бастамашысы бизнесінің қысқаша сипаты және жоба бастамашысының іске асырылған маңызды инвестициялық жобалары (атауы, қысқаша сипаты, іске асырылған жылы, жобаның құны);

3.5 жобаның басты қатысушылары (бастамашы, кредиторлар мен инвесторлар, бас мердігер және (немесе) негізгі мердігерлер, негізгі өнім берушілер және сатып алушылар, өзгелері);

3. 6 рөлдер мен жауапкершілік аймақтары айқындалған жобаның ұйымдастырушылық құрылымы;

3.7 қолданыстағы және осы жобаға қатысы бар қолданылатын қандай да бір заңнамалық, нормативтік және басқа да құқықтық бұзушылықтардың болуы немесе болмауы жөніндегі ақпарат;

3.8 жобаны іске асыру үшін заңнаманы өзгерту қажеттігі жөніндегі ақпарат;

3.9 жобаны іске асыру үшін қажетті рұқсаттарды, шешімдер мен құжаттарды алу мәртебесі;

3.10 жобаның негізгі міндеттерінің (кезеңдерінің) орындалуын бақылау және мониторингтеу жүйесінің қысқаша сипаты.

4. Коммерциялық (маркетингтік) бөлім:

4.1 өндірісте пайдаланылатын негізгі шикізаттың және (немесе) көрсетілетін қызметтердің түрлері, олардың қуаттарды жүктеудің жоспарлы деңгейіне шыққан кездегі өзіндік құндағы үлесі, сатып алу елі мен валютасы (әрбір түрі бойынша);

4.2 шикізаттың және (немесе) көрсетілетін қызметтердің негізгі түрлері бойынша баға белгілеуге әсер ететін факторлар;

4.3 шикізатты және (немесе) көрсетілетін қызметтерді жеткізу (тасымалдау түрі және жеткізу шарттары);

4.4 шығарылатын өнімнің және (немесе) көрсетілетін қызметтердің негізгі түрлері, олардың қуаттарды жүктеудің жоспарлы деңгейіне шыққан кездегі түсімнің көлемінен үлесі, сату географиясы, өткізу арналары (әрбір түрі бойынша);

4.5 шығарылатын өнімнің және (немесе) көрсетілетін қызметтердің негізгі түрлеріне баға белгілеуге әсер ететін факторлар;

4.6 шығарылатын өнімге және (немесе) көрсетілетін қызметтерге баға және (немесе) тариф белгілеу саясаты;

4.7 шығарылатын өнім және (немесе) көрсетілетін қызметтерді жеткізу (тасымалдау түрі және жеткізу шарттары);

4.8 келісімшарттық пысықталуы: шикізатты және (немесе) көрсетілетін қызметтерді берушілермен және шығарылатын өнімді және (немесе) көрсетілетін қызметтерді сатып алушылармен шарттардың және (немесе) шарттар жобаларының тізілімі (контрагенттің атауы, шикізаттың немесе өнімнің немесе көрсетілетін қызметтердің атауы, жеткізу көлемі, шарттың жасалу күні мен мерзімі, шарттың құны);

4.9 балама өнім берушілер мен сатып алушылардың бар-жоғы туралы ақпарат;

4.10 негізгі бәсекелестер туралы ақпарат және олармен салыстыру;

4.11 маркетингтік стратегия (өткізу стратегиясы);

4.12 шығарылатын өнімге және (немесе) көрсетілетін қызметтерге қойылатын барлық реттеушілік талаптардың сақталуы жөніндегі ақпарат;

4.13 нарық және жобаның шығарылатын өнімінің және (немесе) көрсетілетін қызметтерінің нарықтағы бәсекелестік позициясы бойынша тұжырымдар.

5. Техникалық бөлім:

5.1 объектінің (-лердің) орналасқан жерін таңдаудың сипаты мен негіздемесі;

5.2 қажетті инфрақұрылыммен (жол-көлік, инженерлік, коммуналдық) қамтамасыз етілу;

5. 3өнімді және (немесе) көрсетілетін қызметтерді өндіру технологиясының сипаты (өндірістік цикл туралы ақпаратты қоса алғанда);

5.4 негізгі жабдықтың сипаты;

5.5 жобадағы сапа және мониторинг (қадағалау) жүйесі;

5. бөндірістік объектілердің құрылысы бойынша ақпарат;

5.7 техникалық персонал бойынша ақпарат;

5.8 сатып алу тізбесі және сатып алу әдістерін таңдау;

5.9 болжамды немесе таңдалған инжинирингтік және (немесе) жобалау компаниясы туралы мәліметтер (атауы, елі, шарт немесе шарт жобасының болуы, ұқсас жобаларды іске асырудағы тәжірибесі);

5.10 бас мердігерді қоса алғанда, жабдықтарды, технологияларды болжамды негізгі берушілер мен мердігерлер туралы мәліметтер (атауы, елі, тауар немесе сатып алу қызметі, шарт ұсынысының немесе жобасының немесе шарттың болуы, шарттың құны мен валютасы, ұқсас жобаларды іске асырудағы тәжірибе);

5.11 жабдықтардың, технологиялардың балама өнім берушілерінің және мердігерлердің бар-жоғы туралы ақпарат;

5.12 жоба бойынша сатып алудағы (шығыстар сметасында, шығарылатын өнімнің және (немесе) көрсетілетін қызметтердің өзіндік құнында) қазақстандық қамту;

5.13 ұқсас жобаларды елде, өңірде, әлемде іске асыру (ұқсас технологиялардың бар-жоғы) жөніндегі ақпарат.

6. Экологиялық бөлім:

6.1 жобаның қоршаған ортаның жай-күйіне әсері (бар болса, оң және теріс әсері);

6.2 жобаның қоршаған ортаға әсер ету бойынша халықаралық және қазақстандық стандарттар мен нормативтерге сәйкестігі;

6.3 жергілікті халықтың денсаулығы үшін тәуекелдердің алдын алу және (немесе) барынша азайту, ластағыш заттардың шығарындылары мен төгінділерін бақылау, жоба шеңберінде энергия мен су тұтынуды қысқарту, қалдықтарды барынша азайту және қайта өңдеу жөніндегі шаралар мен жүйелер;

6.4 жобада "жасыл" технологиялардың қолданылуы;

6.5 теріс экологиялық салдар орын алған жағдайда оларды жою жөніндегі жоспардың бар-жоғы;

6.6 жобаның климаттық жағдайлардың өзгерістеріне немесе қоршаған ортаның басқа да ұзақмерзімді елеулі өзгерістеріне төзімділігі жөніндегі ақпарат;

6.7 жобаның қоршаған ортаға экологиялық әсері етуін мониторингтеу жүйелерінің бар-жоғы.

7. Жоба бастамашысын қаржылық талдау:

7.1 соңғы есепті кезеңдегі және алдыңғы үш жылдағы негізгі қаржылық көрсеткіштер мен коэффициенттер, тұжырымдар (рентабельділік, өтімділік, төлем қабілеттілігі, борыштық жүктеме, борышқа қызмет көрсету көрсеткіштерін қамтиды);

7. 2ағымдағы қарыздар бойынша ковенанттардың іс жүзінде сақталуы;

7. 3кредит тарихы және кредиттік рейтинг жөніндегі ақпарат.

8. Жоба бойынша қаржылық болжам:

8.1 қаржылық модельге енгізілген алғышарттар мен жорамалдар;

8.2 пайда мен шығын туралы болжамды есеп және ол бойынша тұжырымдар;

8.3 ақша қаражатының қозғалысы туралы болжамды есеп және ол бойынша тұжырымдар;

8.4 ағымдағы және жоспарланған қарыздар бойынша ковенанттардың болжамды сақталуы;

8.5 айналым капиталына болжамды қажеттілік;

8.6 сезімталдықты талдау бойынша тұжырымдар (ағымдағы және жоспарланатын қарыздар бойынша ковенанттардың сақталуын қоса алғанда);

8.7 стресс-тестілеу бойынша тұжырымдар (ағымдағы және жоспарланатын қарыздар бойынша ковенанттардың сақталуын қоса алғанда);

8.8 жобаның инвестициялық тартымдылығы мен тиімділігінің көрсеткіштері (оның ішінде NPV, IRR, DPP).

9. Жобаны іске асырудан болатын әлеуметтік-экономикалық әсер:

9.1 сандық көрсеткіштер (түрлер бойынша жобадан түсетін салықтық түсімдер, елге шетелдік инвестициялар, шығарылатын өнімнің және (немесе) көрсетілетін қызметтердің экспорты, импорттың қысқаруы, елдің ЖІӨ-не және қаланың немесе облыстың ЖІӨ-не үлесі, сабақтас салалардан түсетін салықтық түсімдер, уақытша және тұрақты жаңа жұмыс орындарының саны, экономикадағы шығарылымның ұлғаюы, еңбек өнімділігінің артуы, бар болса, мемлекеттің шығыны, ENPV, EIRR, benefit-to-cost ratio; бұл ретте кесте түрінде көрсетіп, пайдаланылған формулаларды немесе есеп-қисап әдіснамаларын келтіру қажет);

9.2 жобаны іске асыру кезінде негізгі мүдделі тараптарға әсері (Үкімет, жоба бастамашысының қатысушылары немесе акционерлері, бизнес-қоғамдастық, жергілікті халық және ел халқы, өзге);

9.3 жобаны іске асыруға шағын және орта бизнесті тарту;

9.4 ҒЗТКЖ-ға салынатын инвестициялардың үлесі (жоба бойынша шығыстар сметасының үлесі);

9.5 жобаның инновациялылығы (елде және әлемде);

9.6 жобаға бюджеттік (мемлекеттік) инвестициялардың жиынтық дисконтталған көлемін жобаны пайдаланудың бүкіл мерзімі үшін төлеуге болжанатын салықтардың жиынтық дисконтталған көлемімен салыстыру.

10. Тәуекелдерді талдау және оларды басқару стратегиялары:

10.1 жобаның тәуекелдері (бизнес-жоспардың әрбір бөлімі бойынша, оның ішінде саяси, санкциялық тәуекелдер, key person risk), олар іске асырылған кездегі салдары, митиганттар (бар болса);

10.2 тәуекелдерді басқару бойынша ұсыныстар мен стратегиялар (бизнес-жоспардың әрбір бөлімі бойынша).

11. Жобаны қаржыландыру графигіне сәйкес жобаның бақылау нүктелері (кезеңдері) және нүктелердің әрқайсысында қол жеткізуге арналған жоспарлы көрсеткіштер (жобаның уақтылы іске асырылу барысын қадағалау үшін).

Жобаның қаржылық моделіне қойылатын талаптар

1. Жалпы талаптар:

1) қаржылық модельдің барлық элементтері қарауға және өзгерістер енгізуге қолжетімді болуға тиіс;

2) бастапқы жорамалдарға өзгерістер енгізілген жағдайда қаржылық модельде қаржылық болжамдарды автоматты түрде түзетілуге тиіс;

3) қаржылық модельдегі есеп-қисаптар бастапқы жорамалдарды қамтитын ұяшықтарға немесе формулаларды қамтитын ұяшықтарға сүйенуге тиіс;

4) қаржылық нәтижелер туралы болжамды есеп (бухгалтерлік баланс), пайда мен шығын туралы болжамды есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы болжамды есеп бір-бірімен байланысты болуға және бір-біріне қайшы келмеуге тиіс;

5) қаржылық модельдің бастапқы жорамалдары мен есеп-қисаптарының нәтижелері бизнес-жоспарда немесе жоба бойынша басқа құжаттарда келтірілген ақпаратқа қайшы келмеуге тиіс;

6) болжамды кезеңнің ұзақтығы – ҚРҰҚ алдындағы міндеттемелерді қаржыландыру және өтеу мерзімінен кем емес;

7) инвестициялық кезеңдегі болжамның қадамы – бір тоқсан. Есептік көрсеткіштер осы қадамды ескере отырып есептелуге және жылдық мәндерге қосылуға тиіс. Пайдалану кезеңіндегі болжамның қадамы – бір жыл;

8) жобамен байланысты жұмыс істеп тұрған бизнес бар болса, қаржылық модель соңғы үш жылдағы қаржылық деректерді қамтуға тиіс;

9) қаржылық модельдің валютасы – қазақстандық теңге (егер сараптама тобы өзгесін сұратпаса), ақша легі нақ сол өткізілетін валюталарда есептелуге, одан кейін қазақстандық теңгеге конвертациялануға тиіс (егер сараптама тобы өзгесін сұратпаса);

10) кассалық алшақтықтардың болуына және ковенанттардың сақталмауына жол берілмейді;

11) есеп-қисаптар ҚҚС-сыз жүргізілуге тиіс;

12) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеу Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес жүргізілуге және мыналарды қамтуға тиіс: корпоративтік табыс салығы, мүлік салығы, әлеуметтік төлемдер, экологиялық төлемдер және өзгелері;

13) дисконттау мөлшерлемесі жобаның бастамашысына байланысты барлық тәуекелдерді ескеруге тиіс;

14) қаржылық модельде пайдаланылған макроэкономикалық көрсеткіштер сенімді көздерге негізделуге тиіс.

2. Қаржылық модель мынадай бөлімдерді қамтиды:

1) мазмұны (қаржылық модельдің шартты белгіленімдері (түсініксіз) бар құрылымы;

2) ықтимал қателерді анықтап, қаржылық модель есептерінің дұрыстығын тексеру парағы;

3) болжам жасауға арналған бастапқы жорамалдар;

4) өндіріс және кіріс болжамы;

5) шығыс болжамы;

6) салықтар болжамы;

7) айналым капиталының болжамы;

8) күрделі шығын, амортизация болжамы;

9) дивидендтердің немесе жоба бастамашысының пайданы бөлуінің болжамы;

10) қарыздарды тарту және өтеу болжамы;

11) қаржылық нәтижелер туралы болжамды есеп (бухгалтерлік баланс);

12) пайда мен шығын туралы болжамды есеп;

- 13) қаражат қозғалысы туралы болжамды есеп;
14) сезімталдықты талдау және стресс-тестілеу;
15) қаржылық коэффициенттерді және жобаның инвестициялық тартымдылығы мен тиімділігі көрсеткіштерін есептеу (оның ішінде рентабельділік, өтімділік, төлем қабілеттілігі, борыштық жүктеме, борышқа қызмет көрсету көрсеткіштері, NPV, IRR, DPP, DSCR);
16) ковенанттардың сақталуын талдау.

3. Қаржылық модельдің есептік парақтары біріздендірілген құрылымда болады.

Ұлттық әл-ауқат қорының және даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі шаралар шеңберінде құрылған ұлттық басқарушы холдингтің борыштық бағалы қағаздарын сатып алу арқылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен қаржыландыру ұсынылатын жалпы ел үшін маңызы бар жобаларға сараптама жүргізу, сондай-ақ осындай жобаларды қаржыландырудың балама көздерінің бар-жоғын қарау қағидаларына 3-қосымша

Ескерту. 3-қосымшада жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.11.2025 № 974 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Нысан

Жобаның стратегиялық негіздемесі

Толтырылған күні: 20__ жылғы " __ " _____

1. Жобаның түйіндемесі

1.	Жоба бастамашысының заңды атауы	
2.	Жоба бастамашысының БСН	
3.	Жобаның атауы	
4.	Жобаның қысқаша сипаты	
5.	Жобаның саласы және 5 таңбалы ЭҚЖЖ*	
6.	Жауапты салалық министрлік	
7.	Жобаның құны, млн теңге / млн АҚШ доллары	

8.	Жобаның бастамашысы ұсынатын қаржыландыру құрылымы (көздері, сомалары, үлестері)	
9.	Жобаны іске асыру мерзімдері	Инвестициялық кезең: Пайдалану кезеңі:
10.	Шығарылатын өнім / көрсетілетін қызметтер	

Ескертпе:

* Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы мемлекеттік жіктеуіші

2. Жобаны стратегиялық бағалауға арналған деректер

2.1 Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде көрсетілген жалпы ел үшін маңызы бар жоба анықтамасына сәйкестігі

Ескертпе: жобаның сәйкес келетіні не келмейтіні туралы жауап беріп, жауапты негіздеу қажет.

2.2. Жобаның стратегиялық мақсаттары

P/c №	Мақсаты	Мақсатқа қол жеткізу көрсеткіші*	Қол жеткізу мерзімі	Елдің стратегиялық мақсаттарымен байланысы* *	Бар болса түсіндірмелер, ескертпелер бағандар бойынша
1	2	3	4	5	6
1.					
...					

Ескертпе:

* мақсатқа қол жеткізу көрсеткіші сандық көрсеткіш болуға тиіс;

** стратегиялық құжаттардан жоба қол жеткізуге ықпал ететін сандық нысаналы индикаторларды көрсету, сондай-ақ стратегиялық құжаттарға сілтемелер беру (құжаттың атауы, бөлімі, тармағы). Стратегиялық құжаттар Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын, сондай-ақ тұжырымдамаларды, ұлттық жобаларды, мемлекеттік бағдарламаларды, доктриналарды (стратегияларды), кешенді жоспарларды, Ұлттық инфрақұрылымдық жоспарды қамтиды (бірақ олармен шектелмейді).

2.3 Қаржыландырудың басым бағыттарына тиесілігі

Ескертпе: жоба стратегиялық бағалау алгоритмінде көрсетілген қаржыландырудың басым бағыттарының қайсысына тиесілі екенін көрсету қажет.

2.4 Экономикадағы шығарылымның ұлғаюы

Ескертпе: көрсеткішті стратегиялық бағалау алгоритміне сәйкес есептеу және есеп-қисаптарды келтіру қажет (есеп-қисаптарды жеке қосымша түрінде ұсынуға жол беріледі).

2.5 Еңбек өнімділігінің артуы

Ескертпе: көрсеткішті стратегиялық бағалау алгоритміне сәйкес есептеу және есеп-қисаптарды келтіру қажет (есеп-қисаптарды жеке қосымша түрінде ұсынуға жол беріледі).

2.6 Өндірілетін өнімдер немесе көрсетілетін қызметтер экспортының әлеуеті

Ескертпе: көрсеткішті стратегиялық бағалау алгоритміне сәйкес есептеу және есеп-қисаптарды келтіру қажет (есеп-қисаптарды жеке қосымша түрінде ұсынуға жол беріледі).

Егер қолданылмайтын болса, сызық қойылсын.

2.7 Импортты алмастыру әлеуеті

Ескертпе: көрсеткішті стратегиялық бағалау алгоритміне сәйкес есептеу және есеп-қисаптарды келтіру қажет (есеп-қисаптарды жеке қосымша түрінде ұсынуға жол беріледі).

Егер қолданылмайтын болса, сызық қойылсын.

2.8. Жобаны іске асыруға шағын және орта бизнес субъектілерін тарту

P/c №	Шағын кәсіпкерлік субъектілері	Жабдықтардың, шикізаттың, материалдардың, көрсетілетін қызметтердің түрі	Шығыстар немесе өзіндік құн сметасындағы үлесі
1	2	3	4
1.			
...			
P/c №	Орта кәсіпкерлік субъектілері	Жабдықтардың, шикізаттың, материалдардың, көрсетілетін қызметтердің түрі	Шығыстар немесе өзіндік құн сметасындағы үлесі
1	2	3	4
1.			
...			

Ескертпе: кестелерді жобаның инвестициялық және (немесе) пайдалану кезеңдерінде қажетті жабдықтардың, шикізаттың, материалдар мен көрсетілетін қызметтердің негізгі түрлерін берушілер болып табылатын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері бойынша толтыру. Негізгі түрлер деп жоба шығыстары

сметасының 10 %-дан астамын және (немесе) шығарылатын өнімдердің (көрсетілетін қызметтердің) өзіндік құнының 10 %-дан астамын алып отырған тауарлар немесе көрсетілетін қызметтер түсініледі. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

Егер қолданылмайтын болса, сызық қойылсын.

2.9 Елге шетелдік инвестицияларды тарту

Ескертпе: жобаны қаржыландыру құрылымындағы шетелдік инвестициялардың үлесін көрсету және есеп-қисаптарды келтіру қажет (есеп-қисаптарды жеке қосымша түрінде ұсынуға жол беріледі).

Егер қолданылмайтын болса, сызық қойылсын.

2.10 Инфрақұрылымды дамыту

Ескертпе: жобада елде энергетика, көлік және логистика салаларында инфрақұрылымдық объектілерді құру немесе жаңғырту (кеңейту) болжанатын-болжанбайтынын көрсету қажет; қайсысы екені көрсетілсін.

Егер қолданылмайтын болса, сызық қойылсын.

2.11 Жергілікті қамтудың болжамды үлесі

Ескертпе: жоба шығыстарының сметасындағы қазақстандық қамту үлесін, сондай-ақ шығарылатын өнімдердің және (немесе) көрсетілетін қызметтердің өзіндік құнын көрсетіп, есеп-қисаптарды келтіру қажет (есеп-қисаптарды жеке қосымша түрінде ұсынуға болады).

Егер қолданылмайтын болса, сызық қойылсын.

2.12 Тұрақты жұмыс орындарын құру

Ескертпе: жобада Қазақстан Республикасының азаматтары үшін тұрақты жұмыс орындарын құру болжанатын-болжанбайтынына жауап беріп, егжей-тегжейді (мерзімдері, саны) келтіру қажет.

Егер қолданылмайтын болса, сызық қойылсын.

2.13 Қоршаған ортаға қолайлы әсер етуі

Ескертпе: жоба биоәртүрлілікті сақтауға және (немесе) парниктік газдар немесе ластағыш заттар шығарындыларын қысқартуға және (немесе) су ресурстарының жетіспеушілігі тәуекелдерін қысқартуға және (немесе) қалдықтарды қайта өңдеуге бағытталғанына не бағытталмағанына жауап беру қажет. Оң жауап берілген жағдайда негіздеме келтірілсін.

Егер қолданылмайтын болса, сызық қойылсын.

2.14 "Жасыл" технологияларды қолдану

Ескертпе: "жасыл" технологиялар жобаның инвестициялық және (немесе) пайдалану кезеңдерінде пайдаланылатынына не пайдаланылмайтынына жауап беру қажет. "Жасыл" технологиялар стратегиялық бағалау алгоритміне сәйкес айқындалады. Оң жауап берілген жағдайда негіздеме келтірілсін.

Егер қолданылмайтын болса, сызықша қойылсын.

2.15 Энергия және (немесе) ресурс үнемдеу

Ескертпе: жоба стратегиялық бағалау алгоритміне сәйкес энергия және (немесе) ресурс үнемдеуге ықпал ететініне не ықпал етпейтініне жауап беру қажет. Оң жауап берілген жағдайда негіздеме келтірілсін.

Егер қолданылмайтын болса, сызық қойылсын.

2.16 ҒЗТКЖ-ға инвестициялар үлесі

Ескертпе: жоба шығыстарының сметасында ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға (ҒЗТКЖ) арналған шығыстардың үлесін көрсету және есеп-қисаптарды келтіру қажет (есеп-қисаптарды жеке қосымша түрінде ұсынуға жол беріледі).

Егер қолданылмайтын болса, сызық қойылсын.

2.17 Елдегі инновацияларды дамыту

Ескертпе: жоба стратегиялық бағалау алгоритміне сәйкес елдегі инновацияларды дамытуға ықпал ететініне не ықпал етпейтініне жауап беру керек. Оң жауап берілген жағдайда негіздеме келтірілсін.

Егер қолданылмайтын болса, сызық қойылсын.

2.18 Әлемде баламалары жоқ инновациялық шешім

Ескертпе: жобада әлемде баламалары жоқ инновациялық шешімдерді пайдалануды болжанатын-болжанбайтынына жауап беріп, Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының (World Intellectual property rights organization) РСТ (Patent cooperation Treaty) халықаралық патенттік жүйесінде патенттің бар-жоғы туралы ақпаратты келтіру қажет. Оң жауап берілген жағдайда негіздеме келтірілсін.

Егер қолданылмайтын болса, сызық қойылсын.

2.19 Жобаның бюджеттік тиімділігі (бюджеттік кірістердің шығыстардан асып түсу әлеуеті)

Ескертпе: ҚРҰҚ-дан инвестицияларды қоса алғанда, жобаға салынатын бюджеттік (мемлекеттік) инвестициялардың жиынтық дисконтталған көлемін жобаны пайдаланудың бүкіл мерзімі үшін төлеуге болжанатын салықтардың жиынтық

дисконтталған көлемімен салыстырып тексеріп, есеп-қисаптарды келтіру қажет (есеп-қисаптарды жеке қосымша түрінде ұсынуға жол беріледі).

2.20 Мемлекеттің қосымша қолдауынсыз жобаның ұзақмерзімді перспективада пайда әкелу мүмкіндігі

Ескертпе: 10 жылдық және одан көп перспективада жобалық қуатқа шыққаннан кейін мемлекеттік қолдаудың қаржылай және қаржылай емес шаралары болмаған жағдайда NPV (Net Present Value) есептеп, есеп-қисаптарды келтіру қажет (есеп-қисаптарды жеке қосымша түрінде ұсынуға жол беріледі).

3. Жобаның әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері

P/c №	Көрсеткіштің атауы	Өлшем бірлігі	Мәні	Деректер көзі және (немесе) есеп-қисаптары бар қосымшаларға сілтеме
1	2	3	4	5
1.	Салықтар:	млн теңге		
	ҚҚС	млн теңге		
	КТС	млн теңге		
	ЖТС	млн теңге		
	Әлеуметтік салық	млн теңге		
	Мүлік салығы	млн теңге		
	Басқа салықтар (түрін көрсету)	млн теңге		
2.	Елге шетелдік инвестициялар	млн теңге		
3.	Өндірілетін өнімнің / көрсетілетін қызметтердің экспорты	млн теңге		
4.	Импортты қысқарту	млн теңге		
5.	Қаланың/облыстың ЖІӨ-не үлесі (егер қолдануға болса)	%		
6.	Елдің ЖІӨ-не үлесі	%		
7.	Сабақтас салалардан түсетін салықтық түсімдер	млн теңге		
8.	Дивидендтер	млн теңге		
9.	Инвестициялық кезеңдегі жаңа жұмыс орындарының саны	адам		
	Пайдалану кезеңіндегі жаңа			

10.	тұрақты жұмыс орындарының саны	адам		
11.	Еңбек өнімділігін арттыру	-		
12.	Өңдеп жасау (егер қолдануға болса, жоғары, орташа, төмен)	-		
13.	Мемлекеттің шығындары (егер қолдануға болса)	млн теңге		
14.	ENPV	млн теңге		
15.	EIRR	%		
16.	Benefit-cost ratio	-		

Ескертпе: көрсетілген көрсеткіштер бойынша деректерді жобаның бизнес-жоспары мен қаржылық моделінен алынған ақпарат негізінде толтыру қажет.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖІӨ – жалпы ішкі өнім;

ЖТС – жеке табыс салығы;

ҚҚС – қосылған құн салығы;

КТС – корпоративтік табыс салығы;

ENPV – Economic Net Present Value (экономикалық таза дисконтталған кіріс);

EIRR – Economic Internal Rate of Return (экономикалық ішкі кірістілік нормасы);

Benefit-cost ratio – пайда мен шығынның арақатынасы;

млн теңге – миллион теңге.

4. Жобаны іске асыру кезінде негізгі мүдделі тараптарға әсері

Р/с №	Мүдделі тарап	Оң әсердің сипаты	Теріс әсердің сипаты
1	2	3	4
1.	Үкімет		
2.	Жоба бастамашысының қатысушылары немесе акционерлері		
3.	Бизнес-қоғамдастық		
4.	Жергілікті халық және ел халқы		
5.	Өзге		

Ескертпе: егер қолданылмайтын болса, сызықша қойылсын.

5. Жобаның тәуекелдері және олардың митиганттары

Р/с №	Тәуекел санаты, тәуекел	Митиганттар
1.	Құқықтық, институционалдық және ұйымдастырушылық	
2.	Коммерциялық:	

3.	Техникалық:	
4.	Экологиялық:	
5.	Қаржылық:	
6.	Өзге:	

6. Қосымша ақпарат (бар болса)

7. Орындаушылар

P/c №	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Құрылымдық бөлімше	Электрондық пошта мекенжайы	Телефоны
1	2	3	4	5
1.				
...				

Ұлттық әл-ауқат қорының және даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі шаралар шеңберінде құрылған ұлттық басқарушы холдингінің борыштық бағалы қағаздарын сатып алу арқылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен қаржыландыру ұсынылатын жалпы ел үшін маңызы бар жобаларға сараптама жүргізу, сондай-ақ осындай жобаларды қаржыландырудың балама көздерінің бар-жоғын қарау қағидаларына 4-қосымша

Ескерту. 4-қосымшада жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.11.2025 № 974 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Нысан

Жобаны стратегиялық бағалау қорытындысы

Толтырылған күні: 20__ жылғы " __ " _____

1. Жобаның түйіндемесі

1.	Жоба бастамашысының заңды атауы	
2.	Жоба бастамашысының БСН	
3.	Жобаның атауы	
4.	Жобаның қысқаша сипаты	
5.	Жобаның саласы және 5 таңбалы ЭҚЖЖ*	

6.	Жауапты салалық министрлік	
7.	Жобаның құны, млн теңге / млн АҚШ доллары	
8.	Жобаның бастамашысы ұсынатын қаржыландыру құрылымы (көздері, сомалары, үлестері)	
9.	Жобаны іске асыру мерзімдері	Инвестициялық фазасы:
		Пайдалану фазасы:
10.	Шығарылатын өнімдер / көрсетілетін қызметтер	

Ескертпе:

* Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы мемлекеттік жіктеуіші

2. Жобаны стратегиялық бағалау

Р/с №	Өлшемшарт	Жауап (иә немесе жоқ деп көрсету)	Балл	Ескертпелер (бар болса)
1	2	3	4	5
Жалпы өлшемшарттар үшін				
1.	Жалпы ел үшін маңызы бар жоба анықтамасына сәйкестігі			
2.	Елдің стратегиялық мақсаттарымен байланысының болуы			
3.	Қаржыландырудың басым бағыттарына тиесілігі			
Экономикалық өлшемшарттар				
4.	Экономикадағы шығарылымды ұлғайтуы			
5.	Еңбек өнімділігін арттыру			
6.	Өндірілетін өнімдер немесе көрсетілетін қызметтер экспортының әлеуеті			
7.	Импортты алмастыру әлеуеті			
8.	Жобаны іске асыруға шағын және орта бизнесті тарту			

9.	Елге шетелдік инвестицияларды тарту			
10.	Инфрақұрылымды дамыту			
11.	Жергілікті қамтудың болжамды үлесінің 60 %-дан асуы			
Әлеуметтік өлшемшарттар				
12.	Тұрақты жұмыс орындарын құру			
13.	Қоршаған ортаға қолайлы әсер етуі			
Технологиялық өлшемшарттар				
14.	"Ж а с ы л" технологияларды қолдану			
15.	Энергия және (немесе) ресурс үнемдеу			
16.	ҒЗТКЖ-ға салынатын инвестициялар үлесінің 1 %-дан асуы			
17.	Е л д е г і инновацияларды дамытуы			
18.	Әлемде баламасы жоқ инновациялық шешім			
Қаржылық өлшемшарттар				
19.	Жобаның бюджеттік тиімділігі (бюджеттік кірістердің шығыстардан асып түсу әлеуеті)			
20.	Жобаның қосымша мемлекеттік қолдаусыз ұзақмерзімді перспективада пайда әкелу мүмкіндігі			
Жиынтық бағалау (ең жоғары балл – 10, шекті балл – 7)				

3. Тұжырым (оң қорытынды немесе пысықтауға жіберу туралы қорытынды немесе теріс қорытынды):

Негіздеме: _____

4. Орындаушылар

P/c №	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Құрылымдық бөлімше	Электрондық пошта мекенжайы	Телефоны
1	2	3	4	5
1.				
...				

Ұлттық әл-ауқат қорының және даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі шаралар шеңберінде құрылған ұлттық басқарушы холдингтің борыштық бағалы қағаздарын сатып алу арқылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен қаржыландыру ұсынылатын жалпы ел үшін маңызы бар жобаларға сараптама жүргізу, сондай-ақ осындай жобаларды қаржыландырудың балама көздерінің бар-жоғын қарау қағидаларына 5-қосымша

Ескерту. 5-қосымшада жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.11.2025 № 974 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Нысан

Жобаны стратегиялық бағалау алгоритмі

- 1. Жобаны стратегиялық бағалау жалпы, экономикалық, әлеуметтік, технологиялық және қаржылық өлшемшарттар бойынша балдардың қосындысы ретінде есептеледі.
- 2. Жобаны стратегиялық бағалаудың ең жоғары мәні – 10 балл.
- 3. Өлшемшарттар және балл беру бойынша ақпарат:
 - 3.1 жалпы өлшемшарт:
 - 1) жалпы ел үшін маңызы бар жоба анықтамасына сәйкестігі

Көрсеткіштің сипаты	Көрсеткіш жобаның Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде келтірілген жалпы ел үшін маңызы бар жоба анықтамасына сәйкес келетінін не сәйкес келмейтінін көрсетеді.
---------------------	--

Есептеу немесе бағалау формуласы және (немесе) әдіснамасы және (немесе) деректер көзі	Жобаның осы өлшемшартқа сәйкестігін бағалау үшін жобаның Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде келтірілген жалпы ел үшін маңызы бар жоба анықтамасына сәйкес келетінін не келмейтінін айқындау қажет.
Көрсеткіштің типі	Сапалық.
Жауапты таңдау қағидалары	Егер жоба Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде* көрсетілген жалпы ел үшін маңызы бар жоба анықтамасына сәйкес келсе, "иә" деген жауапты, егер сәйкес келмесе, "жоқ" деген жауапты таңдау қажет. * жалпы ел үшін маңызы бар жобаларға: 1) кемінде екі облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың экономикалық дамуын қамтамасыз ететін объектілер; 2) белгілі бір саладағы біртекті жобаларды ел ауқымында біржолғы іске асыру арқылы міндеттерді белгіленген мерзімдерде шешуге бағытталған объектілер жатады.
Балл беру қағидалары	"Иә" деген жауап болғанда – 1 балл. "Жоқ" деген жауап болғанда – 0 балл.

2) елдің стратегиялық мақсаттарымен байланыстың болуы

Көрсеткіштің сипаты	Көрсеткіш жобаның стратегиялық мақсаттары елдің стратегиялық мақсаттарына сәйкес келетінін не келмейтінін көрсетеді.
Есептеу немесе бағалау формуласы және (немесе) әдіснамасы және (немесе) деректер көзі	Жобаның осы өлшемшартқа сәйкестігін бағалау үшін жобаның стратегиялық негіздемеде келтірілген сандық стратегиялық мақсаттарын елдің стратегиялық құжаттарында көрсетілген елдің сандық стратегиялық мақсаттарымен салыстырып тексеру және сәйкестігін айқындау қажет. Елдің стратегиялық құжаттары Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын, сондай-ақ тұжырымдамаларды, ұлттық жобаларды, мемлекеттік бағдарламаларды, доктриналарды (стратегияларды), кешенді жоспарларды, Ұлттық инфрақұрылымдық жоспарды қамтиды (бірақ олармен шектелмейді).
Көрсеткіштің типі	Сапалық.
Жауапты таңдау қағидалары	Егер жобаның стратегиялық мақсаттары елдің стратегиялық мақсаттарымен байланысты болса, "иә" деген жауапты, егер сәйкес келмесе, "жоқ" деген жауапты таңдау қажет.
Балл беру қағидалары	"Иә" деген жауап болғанда – 1 балл. "Жоқ" деген жауап болғанда – 0 балл.

3) қаржыландырудың басым бағыттарына жататын-жатпайтыны

Көрсеткіштің сипаты	Көрсеткіш жобаның ҚРҰҚ қаржыландыруының басым бағыттарына жататынын айқындайды.
	Жобаның осы өлшемшартқа сәйкестігін бағалау үшін жобаның ҚРҰҚ қаржыландыруының мынадай

Есептеу немесе бағалау формуласы және (немесе) әдіснамасы және (немесе) деректер көзі	басым бағыттарына жататын-жатпайтынын айқындау қажет: 1) машина жасау; 2) металлургия өнеркәсібі (шикізат өндеу процестері болған жағдайда); 3) химия және мұнай-химия өнеркәсібі; 4) технологиялық және инновациялық секторлар (ақпараттық технологиялар, нанотехнологиялар, биотехнологиялар); 5) энергетика, көлік және логистика салаларындағы инфрақұрылым объектілері.
Көрсеткіштің типі	Сапалық.
Жауапты таңдау қағидалары	Егер жоба ҚРҰҚ қаржыландыруының бір немесе бірнеше басым бағытына жататын болса, "иә" деген жауапты, егер жатпайтын болса, "жоқ" деген жауапты таңдау қажет.
Балл беру қағидалары	"Иә" деген жауап болғанда – 1 балл. "Жоқ" деген жауап болғанда – 0 балл.

3.2 экономикалық өлшемшарттар:

4) экономикадағы шығарылымды ұлғайту

Көрсеткіштің сипаты	Көрсеткіш ҚРҰҚ ұсынатын қаржыландырудың әрбір ақша бірлігінің болжамды кезеңде экономикада өнім шығару немесе көрсетілетін қызметтер көлемін қаншалықты ұлғайтатынын көрсетеді.
Есептеу немесе бағалау формуласы және (немесе) әдіснамасы және (немесе) деректер көзі	Жобаның осы өлшемшартқа сәйкестігін айқындау үшін экономикадағы шығарылымды ұлғайту коэффициентін мына формула бойынша есептеу қажет: ақшалай мәнде қаржыландыруды ұсынумен байланысты тауарды қосымша шығарудың және (немесе) қызметтер көрсетудің орташа жылдық көлемі / ҚРҰҚ қаржыландыруының ақшалай мәндегі көлемі. Бұл ретте қосымша тауар шығарудың және (немесе) қызметтер көрсетудің орташа жылдық көлемі тиісті объектілер пайдалануға берілген және (немесе) тауар шығару және (немесе) қызметтер көрсету басталған кезден бастап қаржыландыруды ұсыну кезеңі шеңберінде есептеледі.
Көрсеткіштің типі	Сандық.
Жауапты таңдау қағидалары	Егер коэффициент 1 (бірге) тең немесе одан көп болса, "иә" деген жауапты, егер коэффициент 1 (бірден) кем болса, "жоқ" деген жауапты таңдау қажет.
Балл беру қағидалары	"Иә" деген жауап болғанда – 0,5 балл. "Жоқ" деген жауап болғанда – 0 балл.

5) еңбек өнімділігін арттыру

	Көрсеткіш жобаның елдегі (ел бойынша деректер болмаған жағдайда – ел өңірінде) орташа еңбек
--	---

Көрсеткіштің сипаты	өнімділігін арттыруға қаншалықты ықпал ететінін көрсетеді.
Есептеу формуласы және (немесе) есептеу немесе бағалау әдіснамасы және (немесе) деректер көзі	Жобаның осы өлшемшартқа сәйкестігін айқындау үшін жоба бойынша болжанатын еңбек өнімділігін статистика саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыратын және іске асыратын уәкілетті органның соңғы қолжетімді есепті жылдағы деректеріне сәйкес елдегі (ел өңіріндегі) тиісті саладағы орташа еңбек өнімділігімен салыстыру қажет. Бұл ретте жоба бойынша еңбек өнімділігі мына формула бойынша есептеледі: $(Y - (C - A)) / J, \text{ мұндағы}$ Y – қаржыландыруды ұсынудың бүкіл мерзімі ішінде өнімдер шығарудың және (немесе) қызметтер көрсетудің орташа жылдық көлемі, ақшалай мәнде; C – қаржыландыруды ұсынудың бүкіл мерзімі ішінде өндірістік шығыстардың орташа жылдық көлемі (өндірістік персоналдың жалақысын қоспағанда), ақшалай мәнде; A – қаржыландыруды ұсынудың бүкіл кезеңі ішінде амортизациялық аударымдардың орташа жылдық көлемі, ақшалай мәнде; J – қаржыландыруды ұсынудың бүкіл мерзімі ішінде тұрақты жұмыс орындарының орташа жылдық саны, адам.
Көрсеткіштің типі	Сандық.
Жауапты таңдау қағидалары	Егер көрсеткіш елдегі (ел өңіріндегі) тиісті саладағы орташа еңбек өнімділігіне тең немесе одан жоғары болса, "иә" деген жауапты, егер көрсеткіш төмен болса, "жоқ" деген жауапты таңдау керек.
Балл беру қағидалары	"Иә" деген жауап болғанда – 0,5 балл. "Жоқ" деген жауап болғанда – 0 балл.

6) шығарылатын өнімдер және (немесе) көрсетілетін қызметтер экспортының әлеуеті

Көрсеткіштің сипаты	Көрсеткіш жобаны іске асыру нәтижесінде шығарылатын өнімдердің және (немесе) көрсетілетін қызметтердің қаншалықты экспорттық әлеуеті бар екенін көрсетеді.
Есептеу немесе бағалау формуласы және (немесе) әдіснамасы және (немесе) деректер көзі	Жобаның осы өлшемшартқа сәйкестігін айқындау үшін Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022 жылғы 20 мамырдағы № 273 бұйрығымен бекітілген Басым тауарлар тізбесіне енгізу үшін тауарды өндеп жасау деңгейін бағалау әдістемесінде келтірілген "Экспорттық әлеуетті бағалау" өлшемшартын бағалау әдіснамасын пайдалану қажет. Көрсетілген құжаттың күші жойылған жағдайда әдіснаманы осы алгоритмге ауыстыру бойынша

	қажетті өзгерістер енгізілгенге дейін күші жойылған құжаттың әдіснамасын пайдалану қажет.
Көрсеткіштің типі	Сандық.
Жауапты таңдау қағидалары	Егер көрсеткіш 1 (бірге) тең немесе одан көп болса, "иә" деген жауапты таңдау керек, егер көрсеткіш 1 (бірден) төмен болса, "жоқ" деген жауапты таңдау керек.
Балл беру қағидалары	"Иә" деген жауап болғанда – 0,5 балл. "Жоқ" деген жауап болғанда – 0 балл.

7) импортты алмастыру әлеуеті

Көрсеткіштің сипаты	Көрсеткіш жобаны іске асыру нәтижесінде шығарылатын өнімдердің және (немесе) көрсетілетін қызметтердің қаншалықты импортты алмастыру әлеуеті бар екенін көрсетеді.
Есептеу немесе бағалау формуласы және (немесе) әдіснамасы және (немесе) деректер көзі	Жобаның осы өлшемшартқа сәйкестігін айқындау үшін Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022 жылғы 20 мамырдағы № 273 бұйрығымен бекітілген Басым тауарлар тізбесіне енгізу үшін тауарды өңдеп жасау деңгейін бағалау әдістемесінде келтірілген "Ішкі нарықтағы тұтыну әлеуетін бағалау" өлшемшартын бағалау әдіснамасын пайдалану қажет. Көрсетілген құжаттың күші жойылған жағдайда әдіснаманы осы алгоритмге ауыстыру бойынша қажетті өзгерістер енгізілгенге дейін күші жойылған құжаттың әдіснамасын пайдалану қажет.
Көрсеткіштің типі	Сандық.
Жауапты таңдау қағидалары	Егер көрсеткіш 1 (бірге) тең немесе одан көп болса, "иә" деген жауапты таңдау керек, егер көрсеткіш 1 (бірден) төмен болса, "жоқ" деген жауапты таңдау керек.
Балл беру қағидалары	"Иә" деген жауап болғанда – 0,5 балл. "Жоқ" деген жауап болғанда – 0 балл.

8) жобаны іске асыруға шағын және орта бизнесті тарту

Көрсеткіштің сипаты	Көрсеткіш елдің шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін жобаны іске асыру үшін тартуға жобаның ықпал ететінін не етпейтінін көрсетеді.
Есептеу немесе бағалау формуласы және (немесе) әдіснамасы және (немесе) деректер көзі	Жобаның осы өлшемшартқа сәйкестігін бағалау үшін жобаның инвестициялық және (немесе) пайдалану кезеңдерінде қажетті жабдықтардың, шикізаттың, материалдар мен көрсетілетін қызметтердің негізгі түрлерін берушілер арасында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің бар-жоғын айқындау қажет. Негізгі түрлер деп жобаның шығыстары сметасының 10 %-дан астамын және (немесе) шығарылатын өнімдердің және (немесе) көрсетілетін қызметтердің өзіндік құнының 10 %-ын алып отырған тауарлар немесе көрсетілетін қызметтер түсініледі.

	Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.
Көрсеткіштің типі	Сапалық.
Жауапты таңдау қағидалары	Егер шағын және орта бизнесті тарту байқалса, "иә" деген жауапты таңдау керек, егер болмаса, "жоқ" деген жауапты таңдау керек.
Балл беру қағидалары	"Иә" деген жауап болғанда – 0,5 балл. "Жоқ" деген жауап болғанда – 0 балл.

9) елге шетелдік инвестицияларды тарту

Көрсеткіштің сипаты	Көрсеткіш жобаның елге шетелдік инвестицияларды тартуға ықпал ететінін не етпейтінін көрсетеді.
Есептеу немесе бағалау формуласы және (немесе) әдіснамасы және (немесе) деректер көзі	Жобаның осы өлшемшартқа сәйкестігін бағалау үшін жобада елге шетелдік инвестициялар тарту көзделетін-көзделмейтінін айқындау қажет.
Көрсеткіштің типі	Сапалық.
Жауапты таңдау қағидалары	Егер жоба елге шетелдік инвестицияларды тартуды көздейтін болса, "иә" деген жауапты, олай болмаса, "жоқ" деген жауапты таңдау керек.
Балл беру қағидалары	"Иә" деген жауап болғанда – 0,5 балл. "Жоқ" деген жауап болғанда – 0 балл.

10) инфрақұрылымды дамыту

Көрсеткіштің сипаты	Көрсеткіш жобаның елдің инфрақұрылымын дамытуға ықпал ететінін не етпейтінін көрсетеді.
Есептеу немесе бағалау формуласы және (немесе) әдіснамасы және (немесе) деректер көзі	Жобаның осы өлшемшартқа сәйкестігін бағалау үшін жобада елдегі энергетика, көлік және логистика салаларында инфрақұрылымдық объектілерді құру немесе жаңғырту (кеңейту) көзделетін-көзделмейтінін айқындау қажет.
Көрсеткіштің типі	Сапалық.
Жауапты таңдау қағидалары	Егер жоба елде инфрақұрылымдық объектілерді құру немесе жаңғырту (кеңейту) көзделетін болса, "иә" деген жауапты, олай болмаса, "жоқ" деген жауапты таңдау керек.
Балл беру қағидалары	"Иә" деген жауап болғанда – 0,5 балл. "Жоқ" деген жауап болғанда – 0 балл.

11) қазақстандық қамтудың болжамды үлесінің 60 %-дан асуы

Көрсеткіштің сипаты	Көрсеткіш жобаның елдегі бизнесті қолдауға жобаның қаншалықты ықпал ететінін көрсетеді.
Есептеу немесе бағалау формуласы және (немесе) әдіснамасы және (немесе) деректер көзі	Жобаның осы өлшемшартқа сәйкестігін айқындау үшін жобаның шығыстар сметасындағы қазақстандық қамту үлесін және шығарылатын өнімдердің және (немесе) көрсетілетін қызметтердің өзіндік құнын есептеу қажет.
Көрсеткіштің типі	Сандық.
	Егер қазақстандық қамтудың үлесі жоба шығыстарының сметасында да, шығарылатын өнімдердің және (немесе) көрсетілетін қызметтердің

Жауапты таңдау қағидалары	өзіндік құнында да 60 %-ға тең немесе одан көп болса, "иә" деген жауапты, олай болмаса, "жоқ" деген жауапты таңдау керек.
Балл беру қағидалары	"Иә" деген жауап болғанда – 0,5 балл. "Жоқ" деген жауап болғанда – 0 балл.

3.3. әлеуметтік өлшемшарттар:

12) тұрақты жұмыс орындарын құру

Көрсеткіштің сипаты	Көрсеткіш жобаның елдің еңбек нарығын дамытуға ықпал ететінін не етпейтінін көрсетеді.
Есептеу немесе бағалау формуласы және (немесе) әдіснамасы және (немесе) деректер көзі	Жобаның осы өлшемшартқа сәйкестігін айқындау үшін жобада Қазақстан Республикасының азаматтары үшін тұрақты жұмыс орындарын құру көзделетін-көзделмейтінін айқындау қажет.
Көрсеткіштің типі	Сапалық.
Жауапты таңдау қағидалары	Егер жобада тұрақты жұмыс орындарын құру көзделсе, "иә" деген жауапты, олай болмаса, "жоқ" деген жауапты таңдау керек.
Балл беру қағидалары	"Иә" деген жауап болғанда – 0,5 балл. "Жоқ" деген жауап болғанда – 0 балл.

13) қоршаған ортаға қолайлы әсер етуі

Көрсеткіштің сипаты	Көрсеткіш жобаның елдегі (өңірдегі, елді мекендегі) қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуға ықпал ететінін не етпейтінін көрсетеді.
Есептеу немесе бағалау формуласы және (немесе) әдіснамасы және (немесе) деректер көзі	Жобаның осы өлшемшартқа сәйкестігін айқындау үшін жобаның биоәртүрлілікті сақтауға және (немесе) парниктік газдар немесе ластағыш заттар шығарындыларын қысқартуға және (немесе) су ресурстарының жетіспеушілігі тәуекелдерін қысқартуға және (немесе) қалдықтарды қайта өңдеуге бағытталғанын не бағытталмағанын бағалау қажет.
Көрсеткіштің типі	Сапалық.
Жауапты таңдау қағидалары	Егер оң бағалау алынса, "иә" деген жауапты, олай болмаса, "жоқ" деген жауапты таңдау керек.
Балл беру қағидалары	"Иә" деген жауап болғанда – 0,5 балл. "Жоқ" деген жауап болғанда – 0 балл.

3.4 технологиялық:

14) "жасыл" технологияларды қолдану

Көрсеткіштің сипаты	Көрсеткіш жобаның "жасыл" технологияларды қолдануға ықпал ететінін не етпейтінін көрсетеді.
Есептеу немесе бағалау формуласы және (немесе) әдіснамасы және (немесе) деректер көзі	Жобаның осы өлшемшартқа сәйкестігін бағалау үшін жобаның инвестициялық және (немесе) пайдалану кезеңдерінде "жасыл" технологиялардың пайдаланылатынын не пайдаланылмайтынын айқындау қажет. "Жасыл" технологиялар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 18 тамыздағы № 576 қаулысымен бекітілген Технологияларды "жасыл"

	технологиялар ретінде тану қағидаларына сәйкес айқындалады. Көрсетілген құжаттың күші жойылған жағдайда әдіснаманы осы алгоритмге ауыстыру бойынша қажетті өзгерістер енгізілгенге дейін күші жойылған құжаттың әдіснамасын пайдалану қажет
Көрсеткіштің типі	Сапалық.
Жауапты таңдау қағидалары	Егер бағалау нәтижесі оң болса, "иә" деген жауапты, олай болмаса, "жоқ" деген жауапты таңдау керек.

15) энергия және (немесе) ресурс үнемдеу

Көрсеткіштің сипаты	Көрсеткіш жобаның энергия және (немесе) ресурс үнемдеуге ықпал ететінін не етпейтінін көрсетеді.
Есептеу немесе бағалау формуласы және (немесе) әдіснамасы және (немесе) деректер көзі	Жобаның осы өлшемшартқа сәйкестігін айқындау үшін жобаның мыналардың біріне ықпал ететінін не етпейтінін бағалау қажет: 1) энергия үнемдеу – отын-энергетикалық ресурстарды тиімді және үнемді пайдалануға бағытталған ұйымдастырушылық, ғылыми немесе практикалық қызмет; 2) ресурс үнемдеу – түпкілікті өнімдердің және (немесе) көрсетілетін қызметтердің шығуын ұлғайту, технологиялық шешімдерді пайдалану арқылы өндірістік процестегі шығындарды қысқарту.
Көрсеткіштің типі	Сапалық.
Жауапты таңдау қағидалары	Егер бағалау нәтижесі оң болса, "иә" деген жауапты, олай болмаса, "жоқ" деген жауапты таңдау керек.
Балл беру қағидалары	"Иә" деген жауап болғанда – 0,2 балл. "Жоқ" деген жауап болғанда – 0 балл.

16) ҒЗТКЖ-ға салынатын инвестициялар үлесінің 1 %-дан асуы

Көрсеткіштің сипаты	Көрсеткіш жобаның ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (ҒЗТКЖ) дамытуға қаншалықты ықпал ететінін көрсетеді.
Есептеу немесе бағалау формуласы және (немесе) әдіснамасы және (немесе) деректер көзі	Жобаның осы өлшемшартқа сәйкестігін айқындау үшін жоба шығыстарының сметасындағы ҒЗТКЖ-ға арналған шығыстардың үлесін есептеу қажет. ҒЗТКЖ іргелі ғылыми-зерттеу жұмыстарын (ҒЗЖ), қолданбалы ҒЗЖ және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды қамтиды.
Көрсеткіштің типі	Сандық.
Жауапты таңдау қағидалары	Егер есептелген көрсеткіш 1 %-дан артық болса, "иә" деген жауапты, олай болмаса, "жоқ" деген жауапты таңдау керек.
Балл беру қағидалары	"Иә" деген жауап болғанда – 0,2 балл. "Жоқ" деген жауап болғанда – 0 балл.

17) елдегі инновацияларды дамыту

Көрсеткіштің сипаты	Көрсеткіш жобаның елдегі инновацияларды дамытуға ықпал ететінін не етпейтінін көрсетеді.

Есептеу немесе бағалау формуласы және (немесе) әдіснамасы және (немесе) деректер көзі	Жобаның осы өлшемшартқа сәйкестігін бағалау үшін Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2022 жылғы 11 сәуірдегі № 113/НҚ бұйрығымен бекітілген Жобалар инновациялылығының өлшемшарттарын айқындау жөніндегі әдістеме негізінде жобаның инновациялылығын айқындау қажет. Көрсетілген құжаттың күші жойылған жағдайда осы алгоритмге әдіснаманы ауыстыру бойынша қажетті өзгерістер енгізілгенге дейін күші жойылған құжаттың әдіснамасын пайдалану қажет
Көрсеткіштің типі	Сапалық.
Жауапты таңдау қағидалары	Егер жоба инновациялық жоба болса, "иә" деген жауапты, олай болмаса, "жоқ" деген жауапты таңдау керек.
Балл беру қағидалары	"Иә" деген жауап болғанда – 0,2 балл. "Жоқ" деген жауап болғанда – 0 балл.

18) әлемде баламалары жоқ инновациялық шешім

Көрсеткіштің сипаты	Көрсеткіш жобаның елдің инновациялар саласында әлемдегі бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететінін не етпейтінін көрсетеді.
Есептеу немесе бағалау формуласы және (немесе) әдіснамасы және (немесе) деректер көзі	Жобаның осы өлшемшартқа сәйкестігін айқындау үшін Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының (World Intellectual property rights organization) РСТ (Patent cooperation Treaty) халықаралық патенттік жүйесінде патенттің бар-жоғын тексеру қажет.
Көрсеткіштің типі	Сапалық.
Жауапты таңдау қағидалары	Егер жобаның патенті (-тері) болса, "иә" деген жауапты, олай болмаса, "жоқ" деген жауапты таңдау керек.
Балл беру қағидалары	"Иә" деген жауап болғанда – 0,2 балл. "Жоқ" деген жауап болғанда – 0 балл.

3.5. Қаржылық өлшемшарттар:

19) жобаның бюджеттік тиімділігі (бюджет кірістерінің шығыстардан асып түсу әлеуеті)

Көрсеткіштің сипаты	Көрсеткіш жобаның бюджеттік (мемлекеттік) инвестициялардың қайтарымдылығы тұрғысынан рентабельді болатынын не болмайтынын көрсетеді.
Есептеу немесе бағалау формуласы және (немесе) әдіснамасы және (немесе) деректер көзі	Жобаның осы өлшемшартқа сәйкестігін айқындау үшін жобаға салынатын бюджеттік (мемлекеттік) инвестициялардың жиынтық дисконтталған көлемін жобаны пайдаланудың бүкіл мерзімінде төленуге болжанатын салықтардың жиынтық дисконтталған көлемімен салыстырып тексеру қажет. Бұл ретте бюджеттік (мемлекеттік) инвестициялар көлемі деп бюджеттік (мемлекеттік) көздерден, оның ішінде ҚРҰҚ-дан салынған қаражат көлемі түсініледі.

Көрсеткіштің типі	Сандық.
Жауапты таңдау қағидалары	Егер салықтардың қосындысы салынған бюджеттік (мемлекеттік) инвестициялардың қосындысынан асып кетсе, "иә" деген жауапты, олай болмаса, "жоқ" деген жауапты таңдау керек.
Балл беру қағидалары	"Иә" деген жауап болғанда – 0,5 балл. "Жоқ" деген жауап болғанда – 0 балл.

20) мемлекеттің қосымша қолдауынсыз жобаның ұзақмерзімді перспективада пайда әкелуі

Көрсеткіштің сипаты	Көрсеткіш қосымша мемлекеттік қолдау болмаса жобаның ұзақмерзімді перспективада пайда әкелу мүмкіндігінің бар-жоғын көрсетеді.
Есептеу немесе бағалау формуласы және (немесе) әдіснамасы және (немесе) деректер көзі	Жобаның осы өлшемшартқа сәйкестігін айқындау үшін жобалық қуатқа шыққанынан кейін 10 және одан көп жыл перспективада мемлекеттік қолдаудың қаржылай және қаржылай емес шаралары болмаған жағдайда жобаның оң NPV (Net Present Value) қамтамасыз ете алатынын не ете алмайтынын бағалау қажет
Көрсеткіштің типі	Сандық.
Жауапты таңдау қағидалары	Егер бағалау нәтижесі оң болса, "иә" деген жауапты, олай болмаса, "жоқ" деген жауапты таңдау керек.
Балл беру қағидалары	"Иә" деген жауап болғанда – 0,5 балл. "Жоқ" деген жауап болғанда – 0 балл.

4. Осы алгоритмде келтірілгеннен өзге формулалар, әдіснамалар және деректер көздері пайдаланылған жағдайда оларды стратегиялық бағалау қорытындысында көрсетіп, оларды пайдаланудың негіздемесін келтіру қажет.

Ұлттық әл-ауқат қорының және даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі шаралар шеңберінде құрылған ұлттық басқарушы холдингтің борыштық бағалы қағаздарын сатып алу арқылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен қаржыландыру ұсынылатын жалпы ел үшін маңызы бар жобаларға сараптама жүргізу, сондай-ақ осындай жобаларды қаржыландырудың балама көздерінің бар-жоғын қарау қағидаларына 6-қосымша

Ескерту. 6-қосымшада жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.11.2025 № 974 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Нысан

Жоба бастамашысының сауалнамасы

Ескерту. 6-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 14.11.2025 № 974 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1.	Атауы	
2.	БСН	
3.	Мемлекеттік тіркелген жылы	
4.	Атқарушы органның басшысы	
5.	Тіркелген мекенжайы	
6.	Орналасқан мекенжайы	
7.	E-mail	
8.	Телефоны	

1. Меншік иелері туралы мәліметтер (қатысушылар немесе акционерлер, бенефициарлық меншік иелері)

1.1 Заңды тұлғалар (егер болмаса: сызықша)

P/c №	Деректер	1-ші заңды тұлға	n-ші заңды тұлға
1.	Атауы		
2.	Тіркелген елі		
3.	Тіркелген мекенжайы		
4.	Орналасқан мекенжайы		
5.	БСН		
6.	Салықтық резиденттігі		
7.	Жарғылық капиталға қатысу үлесі (құрылтай құжаттарының немесе акцияларды ұстаушылар тізілімінің не тіркелген елінің осыған ұқсас құжатының негізінде көрсетіледі)		

1.2 Жеке тұлғалар (егер жоқ болса: сызықша)

P/c №	Деректер	1-ші жеке тұлға	n-ші жеке тұлға
1.	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)		
2.	ЖСН		
3.	Туған күні және жері		
4.	Азаматтығы, тіркелген жері		

5.	Жарғылық капиталдағы үлесі, %		
6.	Шетелдік жария тұлға болып табылады ма (иә немесе жоқ)		

1.3. Бенефициарлық меншік иелері (егер жоқ болса: сызықша)

P/c №	Деректер	1-ші жеке тұлға	n-ші жеке тұлға
1.	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)		
2.	ЖСН		
3.	Туған күні және жері		
4.	Азаматтығы, тіркелген жері		
5.	Қатысушылардың капиталдағы үлесі, %		
6	Шетелдік жария тұлға болып табылады ма (иә немесе жоқ)		

2. Басқару құрылымы туралы мәліметтер

1.	Атқарушы орган (нысаны) және оның құрамы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, шетелдік жария тұлға болып табыла ма)	
2.	Басқару органы (нысаны) және оның құрамы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, шетелдік жария тұлға болып табыла ма)	
3.	Қол қою құқығы бар өзге тұлғалар туралы мәліметтер (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), сенімхаттың немесе бұйрықтың деректемелері)	

3. Еншілес, тәуелді, байланысқан ұйымдардың бар-жоғы

P/c №	Ұйымның типі (еншілес, тәуелді, байланысқан)	Ұйымның атауы	Қатысу үлесі
1.			
...			

Ұлттық әл-ауқат қорының және даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі шаралар шеңберінде құрылған ұлттық басқарушы холдингтің борыштық бағалы қағаздарын

сатып алу арқылы Қазақстан
Республикасы Ұлттық қорының
қаражаты есебінен
қаржыландыру ұсынылатын
жалпы ел үшін маңызы бар
жобаларға сараптама жүргізу,
сондай-ақ осындай жобаларды
қаржыландырудың балама
көздерінің бар-жоғын қарау
қағидаларына 7-қосымша

Ескерту. 7-қосымшада жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.11.2025 № 974 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Нысан

Қаржыландырудың балама көздерінің бар-жоғы жөніндегі ақпарат

Толтырылған күні: 20__ жылғы " __ " ____

P/c №	Қаржыландыру көздері	Қаржыландырудың ұсынылған шарттары (сомасы, мерзімі, мөлшерлемесі)	Қолжетімді болмаудың негіздемесі	Ескертпелер (бар болса)
1	2	3	4	5
1	Меншікті қаражат			
2	Қатысушылардың немесе акционерлердің қаражаты:			
2.1	егер бірнешеу болса , әрқайсысы үшін бөлек жолда толтырылады			
3	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері:			
3.1	егер бірнешеу болса , әрқайсысы үшін бөлек жолда толтырылады			
4	Шетелдік коммерциялық банктер:			
4.1	егер бірнешеу болса , әрқайсысы үшін бөлек жолда толтырылады			

5	Халықаралық қаржы ұйымдары:			
5.1	егер бірнешеу болса , әрқайсысы үшін бөлек жолда толтырылады			
6	Экспорттық-кредиттік агенттіктер			
6.1	егер бірнешеу болса , әрқайсысы үшін бөлек жолда толтырылады			
7	"Бәйтерек" ҰБХ және оның еншілес ұйымдары:			
7.1	егер бірнешеу болса , әрқайсысы үшін бөлек жолда толтырылады			
8	Б а с қ а квазимемлекеттік ұйымдар:			
8.1	егер бірнешеу болса , әрқайсысы үшін бөлек жолда толтырылады			
9	Мемлекеттік немесе бюджеттік көздер:			
9.1	егер бірнешеу болса , әрқайсысы үшін бөлек жолда толтырылады			
10	Өзгесі			

Қосымшалар: ұйымдардың қоса берілген жауаптары тізіммен көрсетіледі.

Ұлттық әл-ауқат қорының және даму институттарын, қаржы ұйымдарын басқару жүйесін оңтайландыру және ұлттық экономиканы дамыту жөніндегі шаралар шеңберінде құрылған ұлттық басқарушы холдингтің борыштық бағалы қағаздарын сатып алу арқылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен қаржыландыру ұсынылатын жалпы ел үшін маңызы бар жобаларға сараптама жүргізу, сондай-ақ осындай жобаларды

Ескерту. 8-қосымшада жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.11.2025 № 974 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Нысан

Жоба бастамашысының кредиттік есепті беруге келісімі

Толтырылған күні: 20__ жылғы " __ " _____

(заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға немесе куәлікке сәйкес толық атауы, орналасқан жері, тіркеу нөмірі, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) өзінің қаржылық және мүліктік сипаттағы басқа да міндеттемелеріне қатысты кредиттік бюролардағы және кредиттік бюроларға болашақта түсетін өзі туралы ақпарат осы келісімді қабылдаған ақпаратты алушыға кредиттік бюро(-лар)дан ашып көрсетілетіні жөнінде осы келісімді береді.

(заңды тұлғаның атауы көрсетіледі, егер тұлға сенімхат негізінде заңды тұлғаның атынан әрекет етсе, сенімхаттың көшірмесі қоса берілген, сенімхаттың деректемелері көрсетілген келісімге қол қоюға кредиттік тарих субъектісі заңды тұлға уәкілеттік берген тұлға қол қояды)

(кредиттік тарих субъектісінің келісімін қабылдаған ақпарат алушының атауы, келісімді қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы және қолтаңбасы).

Ұлттық әл-ауқат қорының және
даму институттарын, қаржы
ұйымдарын басқару жүйесін
оңтайландыру және ұлттық
экономиканы дамыту жөніндегі
шаралар шеңберінде құрылған
ұлттық басқарушы холдингтің
борыштық бағалы қағаздарын
сатып алу арқылы Қазақстан
Республикасы Ұлттық қорының
қаражаты есебінен
қаржыландыру ұсынылатын
жалпы ел үшін маңызы бар
жобаларға сараптама жүргізу,
сондай-ақ осындай жобаларды
қаржыландырудың балама

Ескерту. 9-қосымшада жоғарғы оң жақ бұрышы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 14.11.2025 № 974 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Нысан

Индикативтік бағалау қорытындысы

Ескерту. 9-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 14.11.2025 № 974 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Толтырылған күні: 20__ жылғы " __ " _____

1. Жобаның түйіндемесі

1.	Жоба бастамашысының заңды атауы	
2.	Жоба бастамашысының БСН	
3.	Жобаның атауы	
4.	Жобаның қысқаша сипаты	
5.	Жобаның саласы және 5 таңбалы ЭҚЖЖ*	
6.	Жауапты салалық министрлік	
7.	Жобаның құны, млн теңге / млн АҚШ доллары	
8.	Жобаның бастамашысы ұсынатын қаржыландыру құрылымы (көздері, сомалары, үлестері)	
9.	Жобаны іске асыру мерзімдері	Инвестициялық фаза: Пайдалану фазасы:
10.	Шығарылатын өнім / көрсетілетін қызметтер	

Ескертпе:

*экономикалық қызмет түрлерінің жалпы мемлекеттік жіктеуіші

2. Жоба бойынша құжаттар топтамасын тексеру

Р/с №	Құжат	Беру мәртебесі (+/- / ішінара)	Ескертпелер
1.	Жоба бастамашысының сауалнамасы		
2.	Ж о б а н ы ң бизнес-жоспары		
3.	Жобаның қаржылық моделі		
	Нысанға сәйкес және растайтын құжаттар қоса берілген		

4.	қаржыландырудың балама көздерінің жоқ екені туралы ақпарат		
5.	Жобаны іске асырудың жоспар-графигі		
6.	Ж о б а н ы қаржыландырудың жоспар-графигі		
7.	Жобаның бастамашысы мен қарыз алушының соңғы 3 жылдағы қаржылық есептіліктері (бар болса аудиторлық есеппен бірге)		
8.	Жоба бастамашысының кредиттік есепті беруге келісімі		
9.	Салық органынан салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеу бойынша берешектің жоқ (бар) екені туралы анықтама		
10.	Pre-FEED және (немесе) FEED-құжаттама және (немесе) техникалық құжаттама бойынша жобаның ведомстводан тыс кешенді сараптамасының қорытындысы (бар болса)		
11.	Жобаның тәуелсіз сараптамалары (бар болса)		
12.	Жабдықтарды берушілер мен мердігерлерден ұсыныстар (бар болса)		
13.	Шикізатты немесе көрсетілетін қызметтерді берушілермен шарттардың жобалары немесе шарттар (бар болса)		
14.	Өнімдерді немесе көрсетілетін қызметтерді сатып алушылармен шарттардың жобалары немесе шарттар (бар болса)		

15.	Еркін ақша легінің болжамы мен жоба бастамашысының және (немесе) қарыз алушының жоба қарызының сұратылатын мерзімінен кем болмайтын мерзімге арналған ковенанттары сақталуының болжамы		
-----	--	--	--

3. Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 10 қыркүйектегі № 1005 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қаржысын басқарудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасының 5-бөлімінің 5.3-тармағында бекітілген қаржыландыру қағидалары мен шарттарына сәйкестігі.

P/c №	Қағида немесе шарт	Сәйкестік (иә немесе жоқ)	Ескертпелер (сәйкестік негіздемесі)
1	2	3	4
1.			

4. Жобаның бастамашысы мен қарыз алушыға, сондай-ақ қажет болған жағдайда жобаға басқа да негізгі қатысушыларға (санкциялық тәуекелдерді қоса алғанда) қатысты анықталған теріс ақпараттың болмауы.

P/c №	Жобаның негізгі қатысушысы	Теріс ақпараттың болуы (анықталған немесе анықталмаған)	Ескертпелер (бар болса)
1	2	3	4

Ескертпе: кестені жобаның бастамашысы мен қарыз алушыға қатысты сараптама тобына қатысушылардың бірінің комплаенс және қауіпсіздік бөлімшелерінің ақпараты негізінде толтыру қажет. Сараптама тобының шешімі бойынша жобаның қалған негізгі қатысушылары – бас мердігер, жабдықтарды, шикізатты, материалдар мен көрсетілетін қызметтерді негізгі берушілер, шығарылатын өнімдерді және (немесе) көрсетілетін қызметтерді негізгі сатып алушылар, жобаның инвесторлары мен кредиторлары, өзгелері тексерілуі мүмкін.

5. Жобаның бастамашысы мен қарыз алушының кредит қабілеттілігін бағалау

Ескертпе: жобаның бастамашысы мен қарыз алушының кредит қабілеттілігі бойынша тұжырымды қалыптастыру кезінде олардың қаржылық жағдайын, кредиттік тарихын, ағымдағы және жоспарланған қарыздар бойынша ковенанттардың іс жүзінде және болжамды сақталуын бағалау, кредиттік рейтинг деңгейін немесе басқа да қажетті ақпаратты ескеру, сондай-ақ қажет болған жағдайда болжамды бос ақша легіне талдау жүргізу қажет.

6. Жобаны ҚРҰБ-дан қаржыландыру мүмкіндігін бағалау

Ескертпе: жобаны ҚРҰҚ-дан қаржыландыру мүмкіндігіне қатысты пікірді баяндау кезінде жобаны қаржыландырудың ҚРҰҚ-ның ағымдағы және болжамды көлеміне, ҚРҰҚ көлемінен облигациялық қарыздардың үлесіне әсері, ҚРҰҚ-ның қаржылық көрсеткіштері сияқты факторларды немесе қажет болған жағдайда басқа да факторларды ескеру қажет.

7. Жобаның пысықталуын бағалау

Р/с №	Бөлім	Үлес салмағы	Балл
1	2	3	4
1.	Жобаның құқықтық, институционалдық және ұйымдастырушылық пысықталуы	20 %	
2.	Жобаның коммерциялық (маркетингтік) пысықталуы	20 %	
3.	Жобаның техникалық пысықталуы	20 %	
4.	Жобаның экологиялық пысықталуы	15 %	
5.	Жобаның қаржылық пысықталуы	25 %	
	Барлық бөлімдер бойынша жалпы үлес салмағы және балл (ең көп балл – 5, шекті балл – 3)	100 %	
1. Жобаның құқықтық, институционалдық және ұйымдастырушылық пысықталуы			
Бөлімді талдау бойынша алдын ала қорытындылар		Бөлім бойынша ұсынымдар	
2. Жобаның коммерциялық (маркетингтік) пысықталуы			
Бөлімді талдау бойынша алдын ала қорытындылар		Бөлім бойынша ұсынымдар	
3. Жобаның техникалық пысықталуы			
Бөлімді талдау бойынша алдын ала қорытындылар		Бөлім бойынша ұсынымдар	
4. Жобаның экологиялық пысықталуы			
Бөлімді талдау бойынша алдын ала қорытындылар		Бөлім бойынша ұсынымдар	
5. Жобаның қаржылық пысықталуы			
Бөлімді талдау бойынша алдын ала қорытындылар		Бөлім бойынша ұсынымдар	

Ескертпе: балл беру кезінде жобаның пысықталуын бағалау алгоритмін пайдалану қажет. Тұжырымдар мен ұсынымдарды жобаның пысықталуын бағалау қорытындылары бойынша келтіру қажет.

8. Жобаның инвестициялық тиімділігі мен тартымдылығын бағалау

Р/с №	Көрсеткіш	Жоба бойынша мәні	Шекті мәні	Ескертпелер (бар болса)
1	2	3	4	5

1.	Net Present Value (NPV)		0-ден астам	
2.	Internal Rate of Return (IRR)		Тұжырымдамада көрсетілген рұқсат етілген ең төмен сыйақы мөлшерлемесінен төмен емес	
3.	Discounted Payback Period (DPP)		қаржыландырудың сұратылған мерзімінен аспайды	
4.	Қажет болған жағдайда өзге де көрсеткіштер			

Жобаның инвестициялық тиімділігі мен тартымдылығы бойынша тұжырым:

Ескертпе: жоба бойынша мәні жобаның қаржылық моделінің деректері негізінде көрсетіледі. Есептеу тәртібін айқындау үшін жалпыға қолжетімді ақпарат көздерінен алынған ақпаратты немесе үздік әлемдік практикаларды пайдалану қажет.

9. Тәуелсіз сараптамалардың қажеттігі

P/c №	Қажетті сараптаманың түрі	Қажеттігінің негіздемесі
1	2	3

